

БІЗДІҢ НАУҚАСТАРҒА
ТИЕСІЛІ ДӘРІЛЕР РЕСЕЙДЕ
САТЫЛЫП ЖАТЫР

2-бет

МЕМЛЕКЕТТІК
МЕРЕКЕЛЕРДІ ҰЛТТЫҚ
ИДЕОЛОГИЯМЕН
ҮЙЛЕСТІРІП
ҰЙЫМДАСТЫРУ КЕРЕК

3-бет

ВРАЧ О НАРКОМАНИИ:
ДАТЬ ШАНС, ПЕРСПЕКТИВУ
МОЛОДЕЖИ

13-бет

ҚАЗАҚ ҮНІ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ АПТАЛЫҚ

www.qazaquni.kz

qazaquni2000@gmail.com

2000 жылғы 11 тамыздан шыға бастады

№45 (863), 18 қараша, 2019 жыл

«АҚ ЖОЛ» ХАЛЫҚТЫ ҚОРҒАП, САЛЫҚТЫ ЖЕҢДІ

ҮКІМЕТ ХАЛЫҚТЫҢ НАНЫНА ЖАРМАСПАЙТЫН БОЛДЫ



Қаржы қиындығын қарапайым халықтың есебінен шешіп ала қойғысы келген Қаржы министрлігі Каспи-голд картасындағы аударымдарға салық салатын боп, 2020 жылдың қаңтарынан қамбасын ашып, дайын отырған. Өйткені, қазір халықтың басым бөлігі күнделікті тұрмыста Каспиголд картасын пайдаланады. Бұл картаңыз қалтаңызда болса, кафедең ас ішсеңіз де, дүкеннен киім кесеңіз де, тіпті, көшеден такси мінсеңіз де, ақшаның қажеті жоқ. Өзіміз кейде, апталап ақша ұстамай жүре беретін болғанбыз, «Каспиголд» аман болсын деп...

4
бет



ШАРДАРА – ШАТТЫҚ МЕКЕНІ

Биыл Түркістан облысы Шардара ауданының ресми түрде құрылғанына 55 жыл, аудан орталығының Абай селосынан Шардара қаласына көшірілгеніне 50 жыл толады. Қазіргі таңда осынау айтулы даталарды лайықты атап өту үшін тиісті жұмыстар қолға алынып жатыр.

8-9
бет

ҚОШ ЕНДІ, ҚОШ БОЛ, ТІКЕЛЕЙ БЕЙНЕРЕПОРТАЖ!

(Нұр-Сұлтан қаласының ауданаралық мамандандырылған қылмыстық сотындағы И.Әбішевтің «пара алуға оқталғаны» жайлы сот процесінен)

7
бет



ҰСТАЗ. ҒАЛЫМ. АЗАМАТ.

профессор Алтысбай Сейдахметов туралы сыр

14
бет

ВЫДЕРЖИТ ЛИ КАЗАХСКИЙ ЯЗЫК ТРОЙНУЮ СМЕНУ АЛФАВИТА?!

После вмешательства президента Касым-Жомарта Токаева начался новый этап обсуждения латинизации. Оказалось, что расположение нового алфавита не подходит стандартам Unicode (преобладающий в Интернете стандарт кодирования символов, включающий в себя знаки почти всех письменных языков мира). Члены Лингвистической комиссии, которые раньше поддержали все три варианта, вдруг стали предлагать новые версии латиницы и критиковать утвержденный вариант.



10
бет

ҚОРҒАНЫС САЛАСЫ ЗАМАН ТАЛАБЫНА САЙ БОЛУЫ КЕРЕК

Қазақстан Президенті, Қарулы Күштердің Жоғарғы Бас қолбасшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қорғаныс министрінің Қазақстан әскерінің қазіргі ахуалы мен даму перспективалары туралы есебін тындады.

Алдымен Нұрлан Ермекбаев Мемлекет басшысына Арыс қаласындағы төтенше жағдайдың салдарын жою, еліміздегі барлық ок-дәрі маларына тексеру жүргізілгені туралы баяндады. Қорғаныс министрі ведомствоның орталық аппаратының қызметіне функционалды талдау жүргізудің бірінші кезеңі туралы есеп берді. Атқарылған жұмыстардың нәтижесінде министрліктің, бас штабтың және әскери басқарманың 300-ден аса штаттық бірлігі оңтайландырылды. Соның есебінен 2020 жылдан бастап жыл сайынғы үнем 450 миллион теңгеден аса-



тын болады. Бұл қаржы әскери құрамды материалдық тұрғыдан ынталандыруға бағытталады. Сонымен қатар, Нұрлан Ермекбаев Қасым-Жомарт Тоқаевқа кезекті әскер қатарына шақыру науқанының қорытындылары, қысқы оқыту маусымына дайындық және әскери техникаларды қысқы режимге көшіру жөнінде мәлімет берді. Бұдан бөлек әуе қорғанысы

мен әскери-теңіз күштерін дамыту, Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 75 жылдығына арналған әскери шеруге дайындық, сондай-ақ, әскери қызметшілерді әлеуметтік тұрғыдан қорғау мәселелері қозғалды. Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздің Қарулы Күштерін қазіргі заман талабына сай жасақтауға қатысты бірқатар нақты тапсырма берді.

■ JEDELHAT

ПРЕЗИДЕНТ НАЗАРЫНА ЖЕТКІЗУДІ ӨТІНЕМІЗ

Құрметті Қазыбек Жарылқасынұлы!

Барша аудан жұртшылығы сияқты Сіздің Ұлттық сенім кеңесінің мүшесі болып сайланғаныңызды қуанышпен қарсы алдым. Ел сенімін ақтаудағы қоғамдық жұмысыңызға табыс тілеймін! Әрқашан абырой биілеймін! Өрқашан абырой биілеймін! Өрқашан абырой биілеймін! Әлеуметтік желі арқылы көптің көкейінде жүрген мәселелерді көтеріп жүргеніңізді көріп, ризашылық сезімге бөленіп отырамыз.

Республика Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың халықтың әлеуметтік жағдайын жақсартуға байланысты атқарып жатқан жұмыстары көңілге қуаныш ұялатады. Көпбалалы отбасылардың бан-

ктерге қарызын қысқарту шаралары көптің көңілінен шығып, ризашылықтарын білдіруде.

Маған Шардара аудандық қоғамдық келісім кеңесінің төрағасы ретінде көпбалалы аналар коллекторлық мекемелерге өтіп кеткен қарыздарды қысқарту туралы ұсыныстарын мемлекет басшысына жеткізуді өтінеді. Коллекторлық мекемелерге қарызды қысқартуға мүмкіндігі болмағандықтан, Сізден осы мәселені Ұлттық сенім кеңесінде талқылап, ел Президентінің назарына жеткізуіңізді өтінеміз.

Қ.ІЛИЯСОВ,
Шардара аудандық қоғамдық келісім кеңесінің төрағасы

Түркістан облысы
2019 жыл, қазан.

БІЗДІҢ НАУҚАСТАРҒА ТИЕСІЛІ ДӘРІЛЕР РЕСЕЙДЕ САТЫЛЫП ЖАТЫР

Біздің еліміздегі қатерлі ісікке шалдыққандарға тегін берілетін дәрі-дәрмек Ресей дәріханаларында сатылған. Бұл препаратын әзірлеу қорының өзі миллион теңгеден асады. Бюджеттің миллиардтарына алынған дәрі-дәрмектің көрші елге қалай жеткені әзірге белгісіз.



«СК-Фармация» сатып алатын бұл препараттарға мөр тек тегін таратылатын жағдайда ғана ба-сылады. Егер дәрі-дәрмектердің заңсыз тасымалданғаны анық-

талса, іс бірден Бас прокуратураға жолданады. Дәрі-дәрмектер терінің қатерлі ісігіне шалдыққан науқастарға арналған. Ведомство кінәлілерді жасырмайды. Өйткені, медикаменттер тек 11 стационарға жеткізілген. Мұндай жағдай елімізде алғаш емес. Жылдың басында қазақстандықтарға арналған инсулин Өзбекстан дәріханаларында сатылған. Ол кезде Денсаулық сақтау министрі Елжан Біртанов заңсыз жеткізгендердің табылып, 28 қылмыстық іс қозғалғанын айтқан-ды.



ҒЫЛЫМИ АТАҒЫ БАРЛАРДЫҢ БӘРІ ҒАЛЫМ БА?

Диссертациясында өзгенің еңбегін көшірді деп басы дауға қалған Білім және ғылым вице-министрі ақыры қызметінен кетті. Министрдің кеңесшісі бұл жағдайды Фатима Жақыпованың басқа жұмысқа ауысуына байланысты деп түсіндірді.

Бұдан бұрын аталмыш министрлікте департамент басшысы қызметін атқарған Анар Қайырбекова Жақыпованы 2009 жылы жазған диссертациясын тыңдап көшіріп алған деген еді. Тіпті, плагиатқа барған оның әрекетін екі бірдей шетелдік антиплагиат жүйесі растап бергендігін айтқан. Ал сенаторлар министрдің орынбасары мемлекеттік қызметтің этикалық кодексын бұзды деген болатын.

Біреулер бүкіл ғұмырын ғылымға арнап, ғалым атанады. Енді біреулер ғалым атақты еріккеннен немесе сән үшін қорғайды. Біздің құрметті парламентшілеріміз өз әріптестері мен алдарына жиі келетін министрлер мен әкімдердің қатарларын арнайы тексеріп көрсө оған оп-онай көз жеткізе алады.

ШАЙЫНДЫ СУДЫҢ ДА СҰРАУЫ БАР

Алматыда тағы да тариф көтеріледі. Бұл жолы «Алматы су» мекемесі кәріз судың яғни, қолданыста болған шайынды судың бағасын қымбаттатуды сұрап отыр.

Жаңа жылдан бастап шайынды суға тұрғындар бұрынғыдан 20 пайызға қымбат төлеуі мүмкін. Қазір қалада кәріз суының 1 текше метрі 26 теңге шамасында. Егер жаңа тариф бекітілсе, баға 33 теңге 69 тиынға дейін өседі. Ал суық су бағасы қымбаттамайды, 2025 жылға дейін тұтынушылар ауыз судың әр текше метріне бұрынғыша 50 теңге төлей береді. Бірақ заңды тұлғаларға келер жылдан бастап суық су мен кәріз бағасы 10 пайызға қымбаттауы мүмкін. Қазір «Алматы су» алдағы бес жылға арналған бағаны бекітуді сұрап, монополияға қарсы агенттікке ұсыныс жасамақшы. «Алдағы бес жылда судың бағасы өзгермейді. Осы қалыпта 50 теңге. Соңғы 10-15 жылда ауыз су құбырларына көңіл бөліп жатырмыз. Осы жылы 15 шақырым ауыз су құбырын ауыстырдық. Кәріз құбырларын ауыстырған жоқпыз. Сондықтан, кәріз жүйесін жасап, модернизация жасау керек. Соған тарифті өсіруді сұрап жатырмыз» — дейді «Алматы су» МКК ресми өкілі Серік Шағыров.



БАЛАЛАРДЫ ЖЕМҚОР БОЛМАУҒА ШАҚЫРАМЫЗ

Алматы қаласында сыбайлас жемқорлыққа қарсы республикалық форум өтті. Ауқымды жиынға қала әкімі, аудан басшылары, қоғамдық ұйымдар мен саяси партиялардың өкілдері қатысты.

Форумға қатысушылар жемқорлықтың тамырына балта шабуыл жолдарын ортаға салды. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің төрағасы Алик Шпекбаев жиында айтылған пікірлерді ескере отырып, тиісті шара қолданатынын жеткізді. Жиын барысында ол «Балаға үйден дұрыс тәрбие берілсе, елімізде жемқорлық болмайды», — деп қоғамды жайлаған жегі құрттың себеп-салдарымен күресуге шақырды.

Дұрыс, қазақ атамыз да «Ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» деген екен. Отбасындағы тәрбиенің маңызы өте зор. Бала атаулы ата-аналарының айтқанымен жүріп, үлкендерге еліктеп өседі. Олай болса бұл алдымен мемлекеттік қызметтегі лауазымдылардың құлағына «алтын сырға» болса керек. «Кредиттің қамытын» киген қарапайым адамдардың



ұрлық жасай алмасы белгілі. Біздегі аса ірі көлемдегі қаржыны жымқырып түрмеге қамалып жатқандар лауазымдылар емес пе? Оның ішінде жұртқа ақыл айтатын биліктегілер мен заң бұзушыларды тәртіпке шақыратын құқық қорғаушылар да толып жатыр. Бірақ, бір нәрсе түсініксіз, өздері жемқор болса олар балаларына не деп ақыл айтуы керек екен? Қазіргі оқығандықтары мол, тез дамып келе жатқан жеткіншектер «Алдымен өзінді жөндеп ал!» деуден тайынбайды ғой...

АЖЫРАСҚАҢДАР САНЫ АРТЫП БАРАДЫ

Елімізде күн сайын 150 отбасының шаңырағы шайқалады. Ал бір жылда 400-ге жуық әйел үйдегі ұрыс-керістің кесірінен қазатпаса, балалардың 75 пайызы психологиялық және күш қолдану салдарынан зардап шегетін көрінеді.



Осылай деп дабыл қаққан қоғамдық ұйымдар енді жаңа жоба бойынша — ажырасу мен тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алуға, психологиялық күйзеліске ұшыраған отбасыларға кеңес беру бағытында қызмет етеді. Азамат Жаманшинов, «Өнеге» жобасының басшысы: — Бұл жобаның маңыздылығы — жүйелілігінде. Бұл мемлекеттің отбасыларға жасап жатқан ең жүйелі қадамы, көмегі. Бізде әр облыста бір ғана орталық бар. Оның

өзі аз. Алдағы уақытта әр ауданнан ашсақ деген жоспар бар. Бүгінде халық игетіне жасап істеп жүрген жоба жетекшілері отбасыларға мыңға тарта ақыл-кеңес өткізген. Нәтижесінде, 250-ге жуық ерлі-зайыпты некесін сақтап қалды. Ұйымдастырушылардың айтуынша, іс-шараның басты мақсаты — отбасының қоғамдағы орнын қалыптастыру, берекесін келтіріп, баласын қорғау. Ажырасудың ең басты себебін тұрмыс тауқыметімен байланыстырып отыр.

Романовтар әулетінің тақтан тайдырылып, патша самодержавиясының құлағанына 100 жылдан астам уақыт өтсе, коммунистік партия үстемдік еткен Ресеп империясының ыдырап, егемен ел Қазақстан Кеңес республикасының құрылғанына 30 жылға таяпты. Солай бола тұра, біздің өңірде патшалық-кеңестік дәуірді көксеуші жерлестеріміздің бар екені рас және олардың мемлекеттік, ұлттық идеологиялармен үйлеспейтін өз көзқарасын, ұстанымын түрлі саяси, мәдени шаралар арқылы жүзеге асыруға бейім тұратыны да шындық. Ондай топтар тарапынан патшалық Ресейдің елімізге жасаған басқыншылық жорықтарын дәріптеу, жеріміздің біртұтастығына және тарихи-құқықтық негізділігіне күмән келтіру, күнтізбемізге енгізілген, тіпті енгізілмеген кеңестік мерекелерді кеңес кезеңіндегідей құрметтеу немесе сағыныш сезімімен еске түсіру сияқты әрекеттері байқалып-ақ тұрады.



МЕМЛЕКЕТТІК МЕРЕКЕЛЕРДІ ҰЛТТЫҚ ИДЕОЛОГИЯМЕН ҮЙЛЕСТІРІП ҰЙЫМДАСТЫРУ КЕРЕК

Әлгіндей жерлестеріміздің «Новое время» тәрізді тәуелсіз орыстілді газеттер арқылы жергілікті билікке ықпал етіп, өздерінің талап-тілектерін орындатуға әрекеттенгені әлі есімізде. Мәселен, 1990 жылы патшашыл-кеңесшіл топ Павлодар қаласының негізі 1720 жылы әскери бекініс ретінде салынғанына 270 жыл толуын салтанатпен тойлау мақсатын жүзеге асыруды көкседі. Тіпті Омбы қаласынан казактардың әскери киімдерін алдырып, орталық алаңда театрландырып көріністер қоюды ойластырды. Абырой болғанда, Керекудің зиялы қауымы өкілдері мен қоғам белсенділері бұларға: «Қазақ жерін патша әскерлерінің жаулап алып, бекініс салуы неліктен тойлауымыз керек?!» деген қарсы уәж айтып наразылық білдірді.

Бұл кезде кеңестік-партиялық органдарының әлеуеті жүріп тұрғанымен, жергілікті билік тарапынан әділ шешім шығарылып, тек «Қала күні» аталып өтілді. Сонда да патшашыл-кеңесшіл топтар осы әрекетін әрбір 5 жыл сайын қайталап тұрудан танбады. Бірақ әскери бекіністің 275, 280, 285, 290, 295 жылдығын тойлау жөніндегі ұсыныстары да қабылданған жоқ.

Тәуелсіз орыстілді басылымдар редакциясы бұған жауап ретінде «Павлодар облысының аумағы казактардың тарихи мекені емес, Кеңес үкіметі тұсында Қырғыз (Қазақ, А.К.) автономиялық республикасының құрамына қосылып кеткен ежелгі орыс жерлері» деген пайымдаулардан құралған мақалалар жариялап, қоғамдық пікір қалыптастыруды көздеді.

Омбы қаласынан «Бухгольц жолдарымен» атты экспедицияны облыс аумағына шақырды...

«Достық үйі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 2018 жылы өткізілген «Қарттар күні» шарасында аға буынның жас кезінде БЛКЖО мүшесі болғаны және бұл ұйымның құрылғанына 100 жыл толғаны мақтаныш сезімімен айтылып, «Комсомольцы, добровольцы» әні шықалды!.. Сол жылы Потанин атындағы тарихи-өлкетану музейінің ұжымы қолдарына қызыл жалаушалар ұстап тұрып челлендж өткізді!..

Ал жыл сайын 9 мамырдағы Жеңіс мерекесі күні Кеңес үкіметі кезеңіне қайта оралғандай күй кешесіз! Павлодар қаласы неміс фашист әскерлерінің шабуылынан ерлікпен қорғанған Мяскеу, Курск, Сталинград сияқты

шерушілер қатарының аздығы, керісінше алабажак григорий ленталарын омырауына қадап, қызыл туды бастарынан асыра көтерушілер сапындағылардың көптігі! Бұл рәміздердің Украинаның Қырым, Донецк, Луганск өңірлерінде сепаратизмнің белгісіне айналғанын біле тұра, шарасыздықтан іштен тынуға мәжбүрміз.

Біздің ойымызша, өз еркімен ядролық қаруларды сынаудан бас тартып, атом полигонын жапқан бейбітшіл ел Қазақстанда Жеңіс күні мерекесі басқа форматта өткізілуі керек. Еуроазия мен Америкадағы мемлекеттер дәл сол мейрамды Ресейдегіден басқаша, өзіндік өрнекпен атап өтеді ғой.

Жүз миллиондаған жетімдер мен жесірлерге, жалғыздіктің жандар мен мүгедектерге қайғы-

қасірет тарттырған, 50-55 миллион адамның өмірін жалмаған ІІ дүниежүзілік соғыстағы Жеңіс күні мерекесін өркениетті елдердің халқы қоғамдық орындарда ысқырып би билеп, шаттана ән салып тойламаса керек. Алаңдарда я мәңгілік алау ескерткіштерінің түбінде соғыс құрбандарын бір минуттық үнсіздікпен еске түсіріп, діни мекемелерде соғыс құрбандарының рухына бағышталып діни жоралғылар жасалатын шығар. Аза кітабындағы тізімдер толықтырылып, майдангерлердің көзі тірілеріне, қаза тапқандарының жесірлеріне, жетімдік тақсыретін көріп өскен соғыс балаларына түрлі қолдау көрсетілетін болар. Қалай десек те, біздің елде бұл мерекеге орай «Зұлымдық империясы» атанған Кеңес одағының мұрагері Ресейдің үлгісін пайдалану дұрыс емес деген пікірді ұстанамыз. Өз елімізде мемлекеттік мерекелер мен атаулы күндердің сценарийлерін мемлекеттік, ұлттық идеологиялармен үйлестіріп ұйымдастыруға заңдық, моральдық тұрғыдан толық құқымыз бар. Мұндайда, соғыс тақырыбын көп жазған майдангер жазушы Виктор Астафьевтің жұртшылықты Жеңіс күнін тойлауға емес, бейбітшілік тілеп жалауына шақырғаны еске түседі.

...Сонымен, 2020 жылы Ертістің Кереку өңірін жаулаған патша жасақтарының әу баста Павлодар қаласының орнына әскери бекінісі салынғанына 300 жыл, ІІ дүниежүзілік соғыстың жеңіспен аяқталғанына 75 жыл толады.

Межелі мерзімге жақындап келеміз, көңіліміз күпті, жүрегіміз қобалжулы. «Ақ ордадағы ұлықтар мен Керекудегі әкім-қаралар ертеңгі сын сағатта қайтер екен?» — деген бір ой санамызда сумандап тұр...

Арман ҚАНИ
Павлодар қаласы

■ MASELE

ХАМЗАБАЕВА ХАНЫМ ЖАМБЫЛ ЖАБАЕВТЫ ТАНЫМАЙ МА?!

Биыл Екібастұз қаласына қарасты Солнечный кентінің Абай атындағы №28 жалпы орта білім беретін мектебі алғашқы қоңырау мерекесін су жаңа ғимаратта атап өтті. Салтанатты жиынға Павлодар облысының әкімі Болат Бақауов та қатысты. Тақайовты қарғыра отырып, ізгі арманға қолы жеткен ұстаздар да, оқушылар да мәз-мейрам.

Мектептегі мандайша жазулары латын қарпімен жазылғанын көріп, «хош» дестік. Алайда, бір нәрсе көңілімізді су сепкендей басты: мектептегі домбыра кабинетіндегі «Күй өнерінің жауһарлары» тақтасында күйшілер суреттерінің арасына жүз жасаған ақын Жамбыл Жабаевты «қонжытып» қойыпты. Мектеп құрылысы жүріп жатқан уақытта әкім-қаралардың құрылыс барысымен, жаңа оқушына әзірліктің жай-күйімен бірнеше рет танысатыны белгілі. Бұл жолы да солай болған болар. Сонда Екібастұз қаласы білім бөлімінің басшысы Жазира Хамзабаева қайда қараған?!

Мектеп директоры Айман Кенжебаева, жарайды, химия пәні мұғалімі болғандықтан, Жамбылдың кім болғанын білмейтін де шығар. Бірақ басқасы басқа, «Ленинградтық өрендерімді» кезінде дүйім жұрт білді



емес пе?! Ал қалалық білім бөлімінің басшысы — қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Жазира Амангелдіқызына не жорық?!

Осынау келеңсіз жайтты фейсбуктегі парақшасында жергілікті тіл жанапшыры, қоғам белсендісі Қожакелді Алданов жария етті. Аталған мектепте балалары білім алатын Қожакелді ініміз былай дейді:

«Осыдан біраз уақыт бұрын Жамбылдың суретін аялдамаға қойып, астына Құрманғазы деп жазып қойғанын ұмыта қойған жоқпыз. Тапсырысты орындаушы жауапсыз, сауатсыз деп, бар кінәні соларға арттық та қойдық. Тапсырыс беруші барлық уақыттағыдай судан таза, сүттен ақ!

Қызымның суреттерін қызықтап отырып бір жәйттің куәсі болдым. Су

жаңа мектептегі бүгінгі жаңалығы болған домбыра бөлмесі екен. Бәрі керемет, көруге сәнді-ақ!

«Күй өнерінің жауһарлары» деген көрнекі тақтадағы Жамбыл Жабаевтың портретіне көзім түсіп, мырс еттім. «Жамбыл кім?» — дедім қызыма, иығын қимак еткізді. Тізім отырып, Жамбыл бабасы туралы бар білгенімді тізбектеп бердім.

Сонда мектеп басшысы бұл бөлмеге кірмеген бе? Ұстаздар ше, Жамбылды байқамады ма? Ән-күй мұғалімі Жамбылға қарап тұрып: «Мынау Жамбыл Жабаев қой, ол күйші емес!» — деген бе? Мектептің ашылуында болған облыс, қала, кент әкімдері де сонда Жәкенді танымай ма?

Құрметті ұстаздар! Домбыра кабинетінде болған барша қауым!

Жамбыл Жабаев ақын, жырау болған. Бірақ күйші болмаған. Тездетіп алып тастаныңдар, өтініш!».

Жамбыл бабамыз кезінде «Мынау тұрған Абайдың суреті ме? Өлең-сөздің ұқсаған құдіретіне!» деп жырлаған еді. Қазір солнечныйлық балалар да Жамбыл Жабаев портретінің жанынан «Мынау «күйші» Жамбылдың суреті ме!» деп өтетін болды...

Асқар АҚБЕРГЕН
Павлодар облысы

ТӨЛЕМ КАРТАЛАРЫНА САЛЫҚ САЛУ ХАЛЫҚТЫҢ НАРАЗЫЛЫҒЫН ТУДЫРАДЫ

Азат Перуашев Үкіметтің төлем карталарының қызметіне салық салу туралы заң жобасына көпшілік тарапынан арыз-шағымдар көптеп түсуіне байланысты бұл ұсынысқа үзілді-кесілді қарсы шығып, депутаттық сауал жолдады. «Ақ жол» партиясы атынан жолданған депутаттық сауалдың толық мәтінін назарларыңызға ұсынып отырмыз

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ БІРІНШІ ОРЫНБАСАРЫ – ҚАРЖЫ МИНИСТРІ Ә.А.СМАЙЛОВҚА

Құрметті Әлихан Асханұлы!

ҚР Қаржы вице-министрі Б.Шолпанқұловтың азаматтардың банк карталарындағы операцияларды қадағалауды енгізуді жоспарлау туралы хабарламасына орай «Ақ жол» партиясына көптеген шағымдар түсуде.

Бұл мәлімдеме қоғамда сынға ұшырап, қызу пікірталас тудырады.

Вице-министрдің мұндай шешімі екі мақсатқа негізделген: біріншісі, кәсіпкерлердің жасырын табысын анықтау, екіншісі – бюджетке түсетін салықты арттыру.

Естеріңізде болса, Президент Қ.Тоқаев өзінің халыққа Жолдауында Үкіметке 2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап шағын бизнесті салық төлеуден 3 жылға дейін босату туралы тапсырма берген болатын. Сондай-ақ, 3 жыл көлемінде орта және шағын бизнесті тексеруге мораторий енгізілді.

Сонымен қатар, орта және шағын бизнестің кіріс салығы өзгертулермен жергілікті бюджетке берілген. Сондықтан, бұл сауал бойынша әр аймақта жергілікті жағдайға байланысты қаржы бола бермейді.

Сонымен қатар, орта және шағын бизнестің кіріс салығы өзгертулермен жергілікті бюджетке берілген. Сондықтан, бұл сауал бойынша әр аймақта жергілікті жағдайға байланысты қаржы бола бермейді.

Өйткені, бұл қадам шағын бизнестің табысын әкімшілендірудің мәнін жоғалтады. Сонымен бірге, дәл осы қадам жеке банк карталарының операцияларының негізгісі болып табылады. Азаматтар миллиондап аударымды жеке карталары арқылы төлеуі екіталай. Себебі, көпшілікте мұндай ауқымды қаржы бола бермейді.

Тұрғындар азық-түлік, дәрі-дәрмек, балалар тауарларын, шаштараз қызметтері мен көліктерді техникалық тексерістен өткізгенде карталары арқылы төлем жасайды.

Иә, мұндай төлемдердің ішінде «Золотой теленоктағы» Корейко сынды жасырын миллионерлер бар шығар, алайда ондайлардың үлесі жалпы жүргізілген операциялардың 1% ғана құрауы мүмкін.

Халықаралық ірі аудиторлық компаниялардың бірі КРМГ-нің мәліметі бойынша, мұндай әрекет бойынша кейбір арасындағы табыстың үзілуін растайды. Аталмыш компанияның зерттеуі бойынша, қазақстандықтардың тек 0,4% ғана жылына 100 мың доллар табыс табады.

Ал, азаматтардың 97% жылына 10 мың долларға дейін табыс табады. Ал 0,001% (162 адам) азамат қана Қазақстанның жарты табысын иемденеді.

Сондықтан, 0,4% үшін қалған азаматтардың 99% жаман етіп көрсетудің қажеті жоқ.

Карта иелерінің көпшілігі несиеге өмір сүреді. Бұл сатып алушыларға да, кәсіпкерлерге де қатысты.

Құрметті салықшылар, жасырын миллионерлерді төлем карталарын тексеру арқылы іздемеңіздер. Бұл адамдар мемлекеттен ештеңе сұрамай, өз бетімен күн көріп, нан тауып жүр.

Одан да, миллиондап пара алатындарды, офшорға миллиардтарды шығаратындарды іздеңіздер.

Егер елімізде жалпыға бірдей табысты тексерген дұрыс болар еді. Сонда ғана фактіленген шығындарды салыстыра отырып, жасырын айналымды анықтауға болады. Алайда, жалпыға бірдей табысты декларациялау 2025 жылға дейін қалдырылған. Сондықтан, бұл бастаманы қисынсыз деп білеміз.

Бюджетке келер болсақ, жуырда ғана Парламент депутаттары табысты арттыру мен мемлекеттік мекемелердің тиімсіз шығындарын қысқарту туралы көптеген ұсыныстар енгізді.

Мәселен, кәсіпкерліктің «Бизнес бастау» бағдарламасы (жыл сайын 6 млрд. теңге бөлінеді) бойынша оқытуға кететін шығындарды еселеп қысқарту ұсынылды. Себебі, шын мәнісінде бағдарламаға қатысушылардың төрттен бір бөлігі ғана бизнеске несие алады.



Есесіне, вице-министр мырза карталарын тексеру арқылы салық салғысы келген азаматтар – шағын бизнесте ешбір бағдарламаның көмегіне, өз күшімен кәсіпкер атанған адамдар. Сондықтан, оларды қысқартпай, керісінше өсуге, аяққа тұруына мүмкіндік берген дұрыс шығар?

Ал, егер қазынагерлерге президенттің тапсырмасын бұзу керек болса – онда карталар бойынша салықты жылына 4 млрд. теңге құрап отырған «Бизнес бастау» аясында 75% тиімсіз қаржыға салған дұрыс болар.

Сондай-ақ, егер салық органдары салықты арттыруды көздеп отырса, онда салық төлеушілердің қаржыны тиімді есеппен шығындауы туралы сұрақты көтеруі әділетті. «Ақ жол» партиясы шенеуніктердің тойымсыз тәбеті мен бюджет есебінен шалқып өмір сүруге деген құлшынысына бірнеше рет назар аударған болатын. Даңғазалық іс-шараларды қысқартып, қарапайым көліктер мен кабинеттерге ауысыңыздар – сонда қаржы да жетеді, адамдар да салықтың дұрыстығына сенетін болады.

Мемлекеттік органдардың аталған секторды әкімшілендіруге дайындығы да күмән тудырады. Небәрі 100 мыңға жетпейтін субъектілер қосымша құн салығы бйынша үнемі дау туындап, сотқа жүгінуге дейін барып жатады. Ал, 30 млн-нан астам карталар арқылы

күнделікті жүргізілетін 1 млн. 300 мың транзакцияларға салық салудың соны не болады?

Сонымен бірге, бастамашылар бұл жаңалықты енгізуде адамдардың жауабы қандай болатынын ескермеген. Бүгінде банк карталарының қарқынды дамуының арқасында Қазақстанда көптеген төлем жасау жұмыстары электронды форматқа көшіп, көлеңкеден шығарылды. Бірақ, көрсетілген мәлімдемеден соң картаны пайдаланудан бас тартып, қолма-қол төлемді талап ету пайда бола бастады. Осының кесірінен заманауи төлем жүйесінің ескірініп қалып, қаржы операцияларының басым бөлігі көлеңкелі жүргізілуі қаупін тудырады.

Осы мәселелерді ескере отырып, «Ақ жол» партиясы Сізден:

1) Вице-министр Б.Шолпанқұловтың төлем карталар бойынша белгілі бір операция түрлеріне салық салуды енгізу туралы мәлімдемесін растау немесе жоққа шығаруыңызды,

2) Егер мәлімдеме ведомстваның жоспарына сай келген жағдайда, Президент тапсырмасына сай шағын бизнесті салықтан босату мерзімінің аяқталуына дейін оны жүзеге асыру тәсілдерін қайта қарауға немесе бас тартуыңызды сұрайды.

Құрметпен, «Ақ жол» партиясының депутаттары

«АҚ ЖОЛ» ХАЛЫҚТЫ ҚОРҒАП, САЛЫҚТЫ ЖЕҢДІ ҮКІМЕТ ХАЛЫҚТЫҢ НАНЫНА ЖАРМАСПАЙТЫН БОЛДЫ

Біздің үкіметтің басы ауырса, кінәні халықтан іздейтіні бесенеден белгілі! Бұл жолы өз күнін өзі көріп жүрген бұқара халықтың таңнан түнге дейін талмай істеп, тауып жүрген нанына жармасты...



Қаржы қиындығын қарапайым халықтың есебінен шешіп ала қойғысы келген Қаржы министрлігі Каспиголд картасындағы аударымдарға салық салатын боп, 2020 жылдың қаңтарынан қамбасын ашып, дайын отырған. Өйткені, қазір халықтың басым бөлігі күнделікті тұрмыста Каспиголд картасын пайдаланады. Бұл картаңыз қалтаңызда болса, кафедең ас ішсеңіз де, түкпенен киім кісең де, тіпті, көшенен тақпақ мінсеңіз де, ақшаның қажеті жоқ. Өзіміз кейде, апталап ақша ұстамай жүре беретін болғанбыз, «Каспиголд» аман болсын деп...

Ал енді біздің үкіметтің «керемет экономикалық шешімінің» арқасында, жаңа жылдан бастап, сен ас ішсең де, салық төлейтін, киім кісең де, салық төлейтін, көшеде жүрсең де салық төлейтін едің...

Үкімет көзді тарс жұмып

алып, жайлы кабинеттерден шықпай-ақ, тұяғын қимылдатпай-ақ, тек саусағын қимылдатып, миллиардтарды санап алып отыра берер еді...

Үкіметтің «Барбароса жоспарын» тағы да «Ақ жол» партиясы бұзды!.. Атка мініп, аттан салған «Ақ жол» партиясы төрағасы, Мәжіліс депутаты Азат Перуашев Үкімет басшысының бірінші орынбасары-Қаржы министрі Әлихан Смайловқа депутаттық сауал жасады.

Өз еңбектерімен күнін көріп жүрген қарапайым халықтың онлайн-төлем жүйесіне салық салудың дұрыс еместігін айтқан Азат Тұрлыбекұлы Үкіметке халықтың тиынын санағанша, миллиондаған пара мен офшорлардағы миллиардтаған қаржыны іздеу керек деп мәлімдеді.

Қарапайым халықтың қақын

қорғаған «Ақжолдықтардың» айкайы Үкіметтің есін жиғызды.

Бүгін Премьер-министрдің бірінші орынбасары – қаржы министрі Әлихан Смайлов қолма-қол ақшасыз аударымдарына қатысты салық салынбайтынын, халыққа уайымдауға негіз жоқ екенін мәлімдеді.

Қаржы министрлігінің онлайн аударымдарға салық салу шешімі қабылданып кеткенде, қарапайым халық жылына миллиондаған қаржысына, әр адам мындаған теңгесінен айрылар еді... Өзі зорға тауып, отбасына жеткізе алмай жүрген нанының бір шетін үкімет жұлып жер еді...

«Ақ жол» партиясы халықты орынсыз салықтан қорғап қалып, Үкіметпен тартыста жеңіске жетті!

Бұл – халықтың жеңісі!

Қазыбек ИС

Биылғы жылғы жазда Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген ғылым қайраткері, Шоқан Уәлиханов атындағы сыйлықтың иегері, «Құрмет белгісі», «Парасат» және I дәрежелі «Барыс» ордендерінің иегері, есімі Қазақ ССР-інің «Құрметті Алтын кітабына» жазылған қазақ тілтанымның бірегей тұлғасы Рабиға Сәтіғалиқызы Сыздық 95 жасқа толды. Қарым-қабілеті қайран қалдыратын ғалым-ұстаздың тіл тарихының шежіресі мен бүгінгі ағымдағы тілді сабақтастыра қараған, сөздерді сөйлете отырып, сөз құдіретін танытқан, сөз мәдениетін саралаған еңбектері соншалықты ауқымды.

«Қайсыбір еңбегімді, кітап болсын, мақала болсын, жазуға кірісе бастағанымда, санам тоғытылып келген ойға қаламым ілесе алмай қалады, сол сәтте қолымды періштелер жебеп отырғандай болып, бар ойым қағаз бетіне түйдек-түйдегімен төгіле жөнеледі», – дейді Ұстаз.

Бұдан отыз бес жыл бұрын зиялы қауым бас қосқан, тіл тағдырына арналған алқалы жиында атақты Ғабит Мүсірепов мінбер биігінен «Сөз мәдениетіне келгенде Рабиға

1992 жылғы бір мақаласында көркем әдебиетке қатысты ойларын түйінде келе Ұстаз «көркем сөз үлгілерін қазақ тілі үшін жүргізіп келе жатқан күресіміздің бір қанатына айналдыруымыз керек. ... қазақ тілі мемлекеттік тіл дәрежесінде көрінуі үшін шаруалар біртіндеп жүзеге асып келеді. Қазақ тілінде білім беруді қамтамасыз етуді қолға алдық. Іс қағаздарын қазақ тілінде жүргізуге қам-қарекет жасап жатырмыз. Бірақ осылайша қызмет өрісі кеңейіп келе



СӨЗІМДІ МЕНІҢ СҰРАСАҢ, ТҰМАНЫҢ ТҰНЫҚ СУЫНАН...

(Ұстаздың сөз өрнегі)

қарындастан бұрын сөз бастау қиын» деген еді.

Тағы бір жиында белгілі педагог Халима Бекмаханованың «Рабиға – туа бітті лингвист» деген бағасы есте қалды.

Ұстаздың ғажайып, өнегелі өмірінің жетпіс жылдан астам уақыты қазірге дейін де қазақ мәдениетінің, қазақ сөзінің рухын көтеруге арналып келеді. Ұстазды қалың әлеумет ең алдымен терең тілші-ғалым деп таниды. Әр маман Ұстаз еңбектерінен тілдің тарихы, сөздің төркіні мен тұптамасы, сөздің санқилы мағыналық астары, сөзді жазу мен айтудың нормасы, тіпті фонетика мен фонология тәрізді әр саладан ізденіске сүйеніш боларлық тіректі таба алады. Ұстаз еңбектері сан салалы: өйткені 500-ден астам еңбегін қатарластыра қойып, қай-қайсысына да үңілсеңіз де, Ұстаз Тіл жайын ұлттық тарихпен және шежірешімен, әдебиетпен және көсемсөзбен, мәдениетпен және әлеуметпен әрдайым ұштастыра зерделейді. Академиктің іргелі монографияларын айтпағанның өзінде, сол бес жүзден асатын еңбектерінің көп бөлігін мақалалар құрайды. Әр мақаланың мазмұны ана тіліне сүйсінуге, ана тілінің қазынасын қастерлеу мен қадірлеуге қарай жетелейді.

Кең салалы еңбектерінің қатарындағы ғылыми-көпшілік мақалалардың мазмұнында Ұстаз тарапынан қоғам үшін де, тіл үшін де бірнеше мәселе алғаш рет зерделенген және осылар төңірегінде сөз қозғауға талпыныс жасап көрелік.

Біріншіден, қазіргі кезеңде тілдің ұлттық болмысты сақтаудағы, ұлтты ұйыстырушы қызметі саясаттың да, ғылымның да, әлеуметтік пікірдің де негізгі өзегіне айналды. Рухани жаңғыруға бет бұрған бағыт барлық ұлт өкілдеріне айрықша қуат беріп отыр. Бүгінгі күн мен болашаққа деген оптимистік сезім қалыптастыратын маңызды іс-шаралар жүзеге асырылуда. Соның бір белгісіндей биылғы жаздан бастап Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен Абай шығармаларын насихаттаудың жаңа бір үрдісі басталып кетті. Осы істің алғашқы үндеу-сөзін Ұстаз еңбектерінен табатынымызды мақтаншыпен айта аламыз.

Жалпы, көркем әдебиеттегі тіл өрнегін іздеуге Ұстаз жиі барған.

жатқан тіліміздің сапасы, табиғи сипаты, әсемдігі қандай? Бұрынғы тілдің байлығы мен көркемдігін күшейтіп отырмыз ба әлде жоғалтып бара жатырмыз ба?

Осылардың баршасы орындалған күннің өзінде қазақ тілінің тек қатынас құралы болып, өзінің қалыптасқан әсемдігінен, көркемдік қазынасынан, табиғат берген үнді сазынан айырылмасын деп ойлайық. Алайда тілдің ұлттық танымға сай қызметі шамалы болып бара жатыр. Сондықтан Махамбет, Дулат, Абай сияқты поэзия алыптарының мұраларын көпшілік қауымға тек кітаптар арқылы емес, баспасөз беттері мен теледидар үндері, әртүрлі конкурстар жариялау арқылы да таныстыра түсу керек» деп ұсыныс жасаған екен.

Екіншіден, Ұстаздың мақалаларында, «сөз мәдениетіне қатысты жанайқайы» бар. Бұл жанайқайының бір алдындағы сөйлеу мәдениетіне қатысты. Сонау 80-інші жылдардың өзінде-ақ ғалым көпшілік алдында ауызша сөйлеудің жай-күйі мен сын-сипаты қандай дегенді зерделеп, «Әдеби тілдің ауызша түрі дегеніміз не?» деген сауалға жауап іздеді және бұл саланың бағдарламасын жасап берді. Әсіресе қазіргі заманғы ауызша әдеби сөйлеудің саяси, әлеуметтік, академиялық, радио мен теледидарға, сұқбаттасуға арналған түрлерінің және осы түрлердің мақсаттарына қарай қазақ сөзінің және сөз сазының қалайша топтасатындығы мен түрленетіндігінің сан үлгісін көрсетіп, бұдан жарты ғасыр бұрын дәлелденген ұстаз пікірі ұлт тілінің өміршеңдігін сақтап қалудағы және қастерлеудегі, тілді насихаттаудағы бүгінгі шараларға тірек боларлық, ғылыми жағынан да, практикалық жағынан да аса өзекті.

Үшіншіден, Ұстаздың іргелі еңбекші де, бір шоғыр ғылыми-көпшілік мақалалары да қазақ көркем сөзі мен тіл арасындағы бейне бір көпір іспеттес.

Ұстаздың ғылыми танымның бір саласы көркем әдеби шығармалардағы қазақ сөзінің өрнегі мен сазын ұлттық болмыс, ұлтты ұйыстырушы құрал ретінде зерделеуге бағытталған.

«Жазушының тілі, стилі» дегеннен гөрі «тіл өрнегі» деген оралымды қолданып, сонау ауыз әдебиетінен бастап қазірге дейінгі ақын-жазушылардың, кейінірек айтыс өнерінің табиғатына қалам тартқан Ұстаз көркем сөздің бар қасиетіне сусындаудың қажеттігін насихаттау арқылы қазақ сөзінің рухын көтеруді мүдде тұтады.

Заңғар жазушы Мұқтар Әуезовтің «Әдебиет – тілмен әдебиет» деген сөзін тірек ете отырып, Ұстаз әдебиетті тілдің азығы деп танып, көркем әдебиет тілінде барлық тілдерге ортақ универсалийлер бар екендігін, алайда қазақ көркем әдебиет тілінің айырым-белгілерінің айрықшалығын баса айтады. Әрине, ғалымның Абай шығармаларының тілі туралы еңбектерінің орны бөлек. А.Байтұрсынұлы мен Х.Досмұхамедұлының, Қ.Жұбановтың тілге, ғалымға қатысты пікірлерін қорытуы өзгеше биікте. Сонымен қатар ақын-жыраулар поэзиясын, Дулат пен Махамбет жырларын, М.Әуезов пен Ғ.Мүсіреповтің, Ә.Кекілбаев пен С.Бегалиннің, О.Бөкеев пен С.Бердіқұловтың, К.Сегізбаев пен М.Қасымбектің тілі мен стилін түйсініп, сүйсіне зерделейді. Ғалым барлық пікірінде Дулаттың «Жырымды менің сұрасаң, Сары алтынның буынан, Сөзімді менің сұрасаң, Тұманың тұнық суынан»; Махамбеттің «Еменнің түбі – сары бал», Абайдың «тілге жеңіл, жүрекке жылы», Ғ.Мүсіреповтің «көркем әдебиет деген ең әуелі жанды сөз, тек қана сырты емес, ішкі сөз» тәріздес ойларын өз еңбектерінде сан мәрте қайталайды. Ғалым осылайша ұстанған позицияның екі ұшы бар деген ойдамыз. Біріншіден, сөз жоқ, көркем әдебиет – тілдің азығы; демек, қазақ жазушысы табиғатты, кейіпкерді, оқиғаны суреттегенде, мазмұн мен түрді, жанр мен тілді үйлесімді етуде, ғалымның пікірінше, қазақ сөзінің бар байлығын сарқа пайдаланады; қазақтың дүние танудағы образ-теңеулер, ұқсатулар арсеналының түрленуін көрсетеді. Мәселен, Ұстаздың мақалаларында көркем сөз шеберлерінің туындыларындағы кешектер, қом сулар, бұлан, бұлу, еңсеу, қалықпан, сой (Махамбет), Сөз – жібек жіп, жыр – кесте, айшығы айқын көрінбес, өрнексіз қылып баттаса; Қарасаңшы

бір мезгіл, Қолдарыңа айна алып (Дулат); жошын, сөдеген (Әуезов); қырымпозданып, қарындарын алдына өңгеріп, екі тізесінің алдына өңгеріп отырған (жағымсыз кейіпкер – Ғ.Мүсірепов); үз кезу бошалаң, ойға батып, бүк түскен адырлар, көбік түкірген көл, тәкаппар тас, ойшыл орман, ән салады шағылдар, момақан тыныштық, Бұқтырманың менмен мінезі, озаңдау, қоймірет, алғұлымдау (О.Бөкеев); веложарыстың ақперені, желтабан арғымақтар, велосипедшілер құйысқан тістесті, бұйда бойы алда келу, кейқуат әзіл, қаланың сақина жолы керсамал қонақ үй, желтең әзіл, шамдағай қимыл (С.Бердіқұлов) тәрізділерді талдау бар. Талдаулар тек қаламгерлердің сөз өрнегін (слог писателя) таратып қана қоймайды, бұл арада туа бітті тілші-ғалымның өз мақсаты (ішкі «интересі») бар, ол – тасаға қарай ыңтырылып, қалың қазақтың бір легін, қазақ сөзінің қаншалықты астарлы орамдылығын пікірлеріне арқау ете отырып, тілдің өміршеңдігін дәлелдеу.

Ғалым сөзі дәл бүгінгі таңда тіпті өзекті. Шетелдік ғалымдардың пікірінде, ауызша әдеби тілге қарағанда жазба тілдің айрықша басымдығынан ба, жоғары технологияның ақпарат көзі болуынан ба, көркем шығарманы оқудың бәсеңдеуінен бе, әйтпесе басқа да себептері бар болар, қалай болғанда да көптеген тілдерде баяндау тәсілдері тым қарапайымданған, айтатын ойды жеткізетін сөз мазмұны мен көлемі жағынан шектеле түскен.

Төртіншіден, ғалымның өз сөз қолдануы мен сөз таңдауы да – ана тілін ұлт қазынасы деп санаған өзіндік сөз өрнегінің айқын көрінісі.

Ғылымда «жеке стиль» деген термин жиі айтылғанымен, алайда бұл аталым ғылыми тіліне қатысты сирек қолданылып келеді. Ал ғылымдағы жеке стильдің жарқын үлгілері ғалым еңбектерінен, әсіресе көпшілік қауымға арналған мақалаларынан айқын байқалады. Ұстаздың өз баяндауы – жоғары интеллектінің, лингвистикалық ойлаудың генетикастық ғажап көрінісі. Қандайда бір ғылыми идеяны ұсынғанда, тыңдаушы аудиторияны иландыруда, тақырыпқа өзек болған мәселеге ойланды-

руда, қалыпқа түскен көзқарасын өзгертуде, сөзге ұйытуда азаматтық позициясы өте жоғары.

Ғылым тіліндегі өз жеке стилін қалыптастырған ғалымның еңбектері құрылым жағынан өзгешелеу. Ұстаз, әдетте, қайсыбір тақырыпты талдауды алдымен, адресатқа риторикалық сұрақ қоюдан бастайды. «Дулатты танып болдық па? Шаршы топ алдындағы сөйлеу мәдениетіміз қандай?» типтес айрықша әсерлі, оқушысын елең еткізетін, оның материалды оқуына деген ықыласы арттыратын тақырып атаулары немесе баяндау легінде кездесетін осындай үлгілер арқылы ғалым сөз болатын мәселенің маңыздылығы мен өзектілігін және бұларға өзінің жауап бере алатындығын бекітеді. Ал «Махамбеттің әр сөзін түсініп оқысаң; Әдебиет – тілмен әдебиет» тәрізді тақырыптар беруі де ғалымның өз ғылыми сөз өрнегін қалыптастыру тенденциясының болғандығының және қалыптастырғандығының дәлелі бола алады.

Ғалымның тіл қолданысы, әсіресе баяндауы қарапайым, алайда сөз таңдауы, сөзді үйлестіруі, сөзді үндестіруі өрілген қамшыдай жымдасып жатады, оқушысын іштей риза етеді. Түсінікті, жеңіл мәтіннің өзінде әсер ету, ықпал жасап сендіру үшін пайдаланылған параллель конструкциялардың өзара мағыналық сәйкестердің сан үлгісі – ғалым еңбектерінің өзіндік қолтаңбасының бір белгісі.

Қазақ тілінің қоғамның әр саласындағы қызметінің арта түскен орны мен рөлі тілді мақсатты қолдануды даралаудың да қажеттілігін айқындап тұр. Осыған байланысты «саяси дискурс, діни дискурс, ғылыми дискурс» деген аталымдар да таныс бола бастады. Аталғандардың қай-қайсысында да, оның ішінде ғылыми дискурста да жазбаша немесе ауызша баяндаушының өз сөзіне деген азаматтық жауапкершілігі, талданатын мәселеге биік адамгершілік көзқарасы, әрбір сөздің ой салуы және алға жетелеуі, жағдаятқа қарай баяндаудың формасын дәл анықтауы, сөз мағынасының айтылатын ойға дәл түсетіндей болуы маңызды болып саналады, сонда ғана бір-бірінен айырмаланатын дискурс түрлері қалыптасады. Дегенмен ғалым зерттеулерінде қазіргі ағымдағы тіл жағдайына қатысты бышғағы, өзгеше маңызды мәселе бар. Ұстаз алдымен өзінің жарты ғасырдан астам ғылыми-шығармашылық ғұмырын сөз мәдениетіне, оның ішінде емле нормаларына арнағаны мәлім. Бұл реттегі назар аудартағымыз – қазірге дейін қолданыста болып келе жатқан, Ұстаздың өзі жасаған емле ережелерінің күллі қазақ тілді қауымның жоғары сауаттылығын қалыптастыруға қосқан елеулі үлесі ғана. Академик соңғы жылдары қазақ әліпбиінің өзгеруі, жаңартылуы тиіс емле ережелерінің жайын да қалт жібермей қадағалап, өзінің нақты ұсыныстарын көпшілік талқысына ұсынып келеді және осы ұсыныстар жаңа әліпби үшін де, емле нормаларының жаңа нұсқасы үшін де бағыт-бағдар болып отыр.

Туған тілдің табиғатын жан-тәнімен сезінетін, туған тілдің жыршысы болып келе жатқан, қоғамның да Ғалымның мәдени-рухани ортасында Бәйтеректей рухани бар Ұстазға халықтың құрметі мен ықыласы, сүйіспеншілігі мен ілтипаты ерекше. Сондықтан қалың жұртшылық қазақтың біртуар ғалым қызына бекем денсаулық пен амандық тілеп, ұлттық мәдениеті мен тіліне қатысты ойларын әрдайым күтіп жүреді.

А.АЛДАШЕВА,
филология ғылымдарының докторы, профессор

Тақырыпты оқыған кейбір көзі ашық болғанмен, көкірегі күдікшіл кердің көңілінде («кер», «ман» – сақ дәуірінен жеткен, «адам» деген мағына беретін сөздер, мысалы, суреткер, қаһарман) бірден «туу, мына кісі өмір бойы басшы болып істеген, демек, жемқор болмауы мүмкін емес жерлесін «қайтсем ақтаймын?» деген оймен ежелгі грек аңыздарындағы елге еткен 12 ерлігі үшін Зевс бастаған көп құдайдың өздерінің шешімімен солардың қатарына қосылып, Олимп тауынан орын тепкен Гераклге теңестірілген ғой! Геракл қайда, Әбішев қайда? Сірә, кешегі төраға жазадан ақталып кету үшін ақшаны аямай беріп жатыр екен ғой» деген ой тууы сөзсіз. Оны өзімізге де талай адам айтып жүр. Біріншіден, кейіпкеріміз сүттен – ақ, судан – таза, періштенен – пәк (белый и пушистый) еді демейміз, бірақ, дәл осы істе жазықсыз күйіп бара жатқан сыйлас жанға қол ұшын беру адамдық міндетіміз деп есептейміз. Ақша туралы сөз қозғау ойымызға де келген жоқ, теңгені төлеп төгіп жатқан Әбішев те жоқ. Жалпы, кінәлі адам ғана істі өз пайдасына бұру үшін шашпаушы ма еді ақшаны?.. Екіншіден, 2003 жылдан бері шамамыздың жеткенінше тек шындықты жазуға тырысып келеміз. Төменнен де тек тыржалаңаш дәлел мен дәйекті табасыз (голые факты и аргументы). Сөзге тоқтаған ұлттың ұрпағымыз ғой, он минут уақытыңыздың кеткеніне өкінібейсіз, оған кепілдік береміз...

Бісмиллә деп, Исекеңнің бірінші ерлігі – 30 жасында кеңес тарихында тұңғыш рет кеңшар директорылығына деген сайлауда жеңіп шыққаны ғана емес, сөзінде тұрып, артта қалған шаруашылықты озаттар қатарына қосқаны!

Екінші ерлігі деп 2000-2002 жылдары Ордабасы ауданын басқарған кезде халықтың жағдайын жеңілдету жолында «несиелік серіктестік» секілді жаңалықтар енгізгені, сол заманда «дәуірі жүріп тұрған» әр «камазистке» бір кембағал отбасыны жетекке алуды жүктегені секілді (1981-2003 ж.ж. Малайзия премьер-министрі Мохтар Мохаммед та байлыққа да, мирке де, ұлттық басымдыққа да ие – ел тұрғындарының 50% – қытайлар, 35% – малайлар, 15% – үндістер еді – болып отырған «қытайдың әрқайсысы компания ашқанда бір малайды тең құрылтайшы етіп алуға міндетті» деген жарлық шығарып, халқының қолын тез арада теңдікке жеткізген болатын...) қиыннан қиыстырған еңбегі үшін «оған дейін де, одан кейін де ауданымызды Әбішевтей әкім басқарған жоқ» деген бейресми үздік атақты еншілегенін айтар едік. «Көптің аузы – дуалы», көпшіліктің бұл бағасымен келіспейтінді өз ауданымыздың тарихында сондай жақсы атты кімге берер едіңіз, сондай атқа лайық әкім болып па еді, бір минут ойланyp көріңіз.

Үшінші ерлік деп, 2008 жылы көктемде Келестегі біраз ауылды тасқын су алғанда қолдағы бар ақшамен, аз ақшамен, сырттан көмек-жәрдемсіз, құрылыс заттарын 150-200 км жерден таси отырып, күні-түні дерлік құрылыстың басында болып, жұмыс бары-



ИСЛАМ ӘБІШЕВТІҢ 12 ЕРЛІГІ

сын қатан қадағалап, кез-келген мәселені сөзбұйдаға салмай, табан ашқандай дау-дамайсыз екі-үш айда бітіргенін айтсақ жарасар.

Төртінші ерлік деп, 2009 жылы Арыстағы арсеналда алғашқы рет ірі жарылыс болғанда, өрт сөндірушілерге, әскери мамандарға үлгі көрсетіп, *жарылып жатқан ең үлкен қойманың үстіне басын бәйгеге тігіп өзі шыққанын*, соның арқасында құтқару ісінің жедел де ұтымды ұйымдастырылғанын еске алсақ жөн болар.

Бесінші ерліктің атын «Өскеменді қазақыландыру», қазақыландыра отырып, ісінің әділдігінің арқасында әлі күнге қалың ормандай ұйытып отырған орысты мойындаушы атыған дұрыс сияқты. Екі жарым жылдай ғана уақытта «қаланың құрметті азаматы» атағын алуы. Ең маңыздысы – Астанаға ауысып бара жатқан әкімді шығарып салуға, бірінен бірі бүгінгі заманның «ұзын құлағы» ретінде хабарласып, *әуежайға мыңдаған қарапайым (көбі орыс) халықтың келуі*. Бұл құрметке жететін орден, медаль бар болса, атын атауыңызды өтінеміз...

Алтыншы ерлігі деп, 2012 жылы Су ресурстары комитетін басқаруға келген соң, су қоймаларын, арықтарды, арналарды (каналдарды) жөндеуге деп, бірнеше жылға жоспарланған қаржының 2012 жылы күзге дейін 300 млрд. теңгесін үнемдегенін айту міндет. Қызмет құлағын ұстаған әріптестері *«бұл бағдарлама сен келгенге дейін қабылданған, сен оған жауап бермейсің»* деп, бір ғана жауап бермейсің» деген, ауыз бастырыққа 2 ұсырғанда алууды «ерлік емес» десеңіз өзіңіз білесіз. Бір кездері ҚР Президенті Н.Назарбаевтың «мемлекеттің қаржысын түгендеу маған ғана керек пе?!» дегені бар болатын. Іс жүзінде басқа қай министр, қай әкімнің үнемдеген мысалын кім айтып бере алады?..

Жетінші ерлігі – ҚР Су комитеті өзінің бұрынғы төрағасы И.Әбішев «300 млрд. теңге

үнемдегені үшін» 2013-2104 ж.ж. 9 ай жұмыссыз жүрген кезінде суарған жердің қолың бар келгені – 1533 млрд. теңге табылған – *1533 млрд. теңге табылған – 1533 млрд. теңге табылған – 1533 млрд. теңге табылған*» деген сөзін қайта қалпына келтіру үшін 1,533 трлн. теңгенің бағдарламасын жасайды. Үкімет оны бекітеді! 2014 жылы сәуірде қызметіне Н.Назарбаевтың тікелей араласуымен қайта оралған И.Әбішев комитеті бар, республикалық, облыстық, аудандық су шаруашылық мекемелері бар, қызметкерлерімен, өзі сияқты мемлекетшіл азаматтармен бірге алты ай бойы, күндіз отырмай, түнде ұйықтамай, бел шешіп жатпай жұмыс істеп, 610 (алты жүз он) мың гектар жерді **580 млрд. теңгеге** келтіріп шығарды! Бірақ онымен есептеме шығарды! Өз ерлігімен! Ешқандай үкіметтің тапсырмасыз! Үнем – 963 млрд. теңге!

Жетінші ерлігі, тарихи ерлігі – есеп-қисабының дұрыс екенін **Үкіметпен** екі жыл айтысып жүріп (бюджетті үнемдеймін деп Үкіметпен айтысу – шынында да, қызық қой, ә?..), ақыры дәлелдеп шығады. Оған Президент: *«Б.Сағынтаевқа, А.Мамытбековке. И.Әбішевтің ұсыныстары бұрынғы бағдарламадан ұтымды. Қарап, үкіметте шешім қабылдау үшін. Н.Назарбаев. 19 қараша 2014 ж»* деген бұрыштама қояды.

Бұны «тарихи ерлік» демеске лаж жоқ. Себебі, «300 млрд. теңге үнемінен» кейін 1 трлн. теңге үшін «алдында не күтіп тұрғанын» Әбішев анық көрді. Көріп тұрып, күштен емес екенін біле тұрып, саналы түрде барды. Соның бәрін біліп тұрған, 2019 жылдың сәуірінде зейнетке шығуға дайындалып жүрген адам пара алуға оқталады деу ешқандай қисынға сыймайды ғой! Бұндай көзсіз ерліктің шынайы бағасын біз бере алмаймыз, келер ұрпақ береді...

Сегізінші ерлігі – 1 трлн. теңгенің бюджеттің шығыс бөлігінен шығып қалғанына «іші күйіп, жанып, өртеніп, күл болып кеткен», оны басамын деп «мұз шайнап, қар асаған», сонда

да «күйігін баса алмаған» сүйікті үкіметіміздің қолың бар келгені – *1533 млрд. теңге табылған – 1533 млрд. теңге табылған – 1533 млрд. теңге табылған*» деген сөзін қайта қалпына келтіру үшін 1,533 трлн. теңгенің бағдарламасын жасайды. Үкімет оны бекітеді! 2014 жылы сәуірде қызметіне Н.Назарбаевтың тікелей араласуымен қайта оралған И.Әбішев комитеті бар, республикалық, облыстық, аудандық су шаруашылық мекемелері бар, қызметкерлерімен, өзі сияқты мемлекетшіл азаматтармен бірге алты ай бойы, күндіз отырмай, түнде ұйықтамай, бел шешіп жатпай жұмыс істеп, 610 (алты жүз он) мың гектар жерді **580 млрд. теңгеге** келтіріп шығарды! Бірақ онымен есептеме шығарды! Өз ерлігімен! Ешқандай үкіметтің тапсырмасыз! Үнем – 963 млрд. теңге!

В четырехтомник была включена пьеса «Школа аула», написанная в 1925 году и, как писал Муканов, восхвалявшая «врага народа, агента японо-германского фашизма, палача» Троцкого. В этой статье Сабит Муканов

подверг «классовому» разбору и другие произведения Майлина былых времен. Например, в стихотворении «Письмо отцу» увидел клевету на казахскую бедноту, так как в нем дело предстало так, будто бедняки добровольно шли в алашординские отряды. Руководитель писательской организации Казахстана приходит к опасному для Майлина выводу, что все эти «ошибки» не случайны. Он напоминает, что в двух стихотворениях, опубликованных в 1918 году в петропавловской газете алашординцев, содержится призыв к молодежи вступать в ряды «Алашорды», которая, по мысли Сабита Муканова, была «злейшим врагом казахского народа».

Беимбет Майлин был арестован чуть позже Сакена Сейфуллина и Ильяс Джансугурова. Считается, что его долго не брали благодаря участию в съемках первого звукового казахского фильма «Амангельды». Как один из соавторов сценария, он всю весну, лето и начало осени часто бывал на съемочной площадке и помогал советами режиссеру. Предполагается, что арест оттягивался отчасти благодаря заступничеству со стороны Габита Мусрепова.

В 1936 году во время Декады казахского искусства в Москве были исполнены первые национальные казахские оперы – «Кыз Жибек» и «Жалбыр». Музыка к той и другой написал Евгений Брусиловский. Текст второй опе-



«ИСКАЛИ ТО, ЧЕГО НЕТ В МИРЕ».

ВЕРНУВШИХСЯ ИЗ СИРИИ КАЗАХСТАНЦЕВ ДОПРОСИЛИ В СУДЕ

«...У меня в Сирии оставалось много друзей. Мой братишка пал под авиаударами, у меня там остались племянники, внуки. Примерно за пять-семь дней (до возвращения) снайпер убил мою жену... Я неглубокий, я знал, что по прибытии в Казахстан меня осудят. Возраст у меня уже большой. Даже если 8-15 лет дадут, для меня это срок», – заявляет в суде Газинур Бакиджанов.

Он один из 14 обвиняемых, которых судят в Нур-Султане за пропаганду, участие в терроризме и ряд других преступлений. Это те самые казахстанцы, которых вернули из Сирии. Сейчас они дают показания в суде: рассказывают, как и с кем воевали, где прятались во время обстрелов и сколько платили им за участие в войне. Показания некоторых подсудимых записала корреспондент Tengrinews.kz.

Это 50-летний Газинур Бакиджанов. Он самый старший из всех, кто проходит по делу. Некоторые называют его Абу-Сулейманом или Бабаем. У всех подсудимых тут есть религиозные имена или клички. Свои настоящие имена и фамилии они начали называть лишь по возвращении в Казахстан.

В начале девяностых Газинур Бакиджанов жил в Алматы. Какое-то время служил в ОМОНе, потом перешел в милицию. Уйдя из органов, вместе с братом открыл мебельный цех, было время, что и таксовал...

«В 1996 году я уже задумался о религии. Мой знакомый принял ислам. Потом я начал читать... В 2013 году вместе выехали в Турцию. Мы собирались выехать в любое место, где идет «джихад». Планировал выехать в Вазиристан (территория между Пакистаном и Афганистаном) или на Кавказ. Но потом оказался в Сирии», – рассказывает Бакиджанов в суде.

Его обвиняют в пропаганде терроризма, участии в международной террористической организации, возбуждении религиозной розни. По версии следствия, Бакиджанов способствовал террористической организации ДАИШ (запрещена в Казахстане) в поиске и задержании казахстанцев, которые покинули ряды террористической организации.


По некоторым из предъявленных обвинений Газинур Бакиджанов вину признает, по каким-то нет.

«То, что я был в Сирии, я признаю. То, что я был в ДАИШ, тоже признаю. То, что я распространял видео (пропагандирующее терроризм – Прим.), не признаю. Если бы это было, я бы признал», – ответил он суду.

У него несколько жен и восемь детей, младшему около года. Старший сын умер в Сирии. Одна из жен погибла под пулями снайпера. Умер и родной брат подсудимого.

В суде подсудимые начинают свои показания с того, как они оказались в Сирии. У многих истории схожи: на границе казахстанцев встречают арабы, увозят в лагерь. Обязательное условие: прибывшие должны войти в какой-нибудь жамагат.

«В Сирии нас встретили, на микроавтобусе привезли в дом, где находились в основном арабы. Это было что-то типа сборного пункта. (...) У кого были деньги, могли спокойно купить себе оружие там. Это считалось, что ты тратишь деньги на пути Аллаха. Я себе купил автомат Калашникова», – продолжил



показания Газинур Бакиджанов.

«Вам выдавали пояс шахида?» – задал вопрос прокурор.

«Выдавали. Но, как я понимаю, это, скорее всего, был муляж. Но, может, и настоящий, мы на себя их надевали».

Также в суде дал показания еще один фигурант дела – Бахтияр Ибраев. Его пожилая мать, присутствовавшая в зале, просила СМИ не публиковать фото и видео сына, который во всем признался и раскаялся.

В 2007 году Бахтияр Ибраев отправился с женой и ребенком в Египет. Там он поступил в институт на теолога и по окончании планировал вернуться в Казахстан. Познакомившись в Египте с казахами, узнал о переселении в Пакистан, где, по его словам, можно было жить с семьей «по шариату».

«Когда я приехал в Вазиристан (территория между Пакистаном и Афганистаном), я знал, что там происходит военный конфликт. Но я точно не знал, буду ли в нем участвовать. (...) После того как я попал в эту деструктивную идеологию, я многого не осознавал. Изначально думал, что так нужно и

правильно. У меня не было возможности вернуться назад. Я прожил в Вазиристане около четырех лет. Здесь проходил военную подготовку, ее все проходили. Принимал участие в военных действиях, это носило оборонительный характер. У меня с собой был автомат Калашникова. Но я ни разу не участвовал в штурмах», – сообщил суду Ибраев.

В Вазиристане Бахтияр Ибраев вошел в группировку «Союз исламский джихад» (СИД – также запрещена в Казахстане). По версии следствия, он участвовал в боевых действиях на территории Афганистана, являлся инструктором по боевой тактике и снайперскому делу. В 2012 году вместе с семьей переехал в Сирию.

«В 2017 году после окружения города Ракка американцы предложили (боевикам) сдать город и покинуть территорию Сирии. После этих событий много ходило разговоров про некий договор между США и ДАИШ. Из-за этого многие начали сомневаться и понимать, что вся эта война – это политика. Многие хотели уйти. В конце 2018 года или в начале 2019-го мы увидели видео

операции «Жусан», когда детей и женщин возвращали на родину. Это побудило искать дорогу домой. Но покинуть ДАИШ было очень сложно. Те, кто пытался сделать это, они либо подрывались на минах в пустыне, либо терялись, или служба безопасности ДАИШ арестовывала и казнила», – рассказал суду Ибраев.



Судья по делу Адильхан Шайхисламов

В 2019 году Ибраев попал в плен к курдам. В Казахстан он был возвращен в ходе очередной операции «Жусан». Вместе с ним вернулись жена и дети. За время пребывания в Пакистане и Сирии у Ибраева родилось еще четверо детей.

«Изначально, когда я уезжал, я представлял себе, что там есть место, где можно жить по шариату. Но везде есть свои минусы, свои проблемы. Я искал то, чего нет в мире... Поэтому я решил вернуться к нормальной жизни

у себя на родине. Те, кто реально искал смерть, он ее там нашел. Кто хотел воевать, они там остались. (...) Я хотел выжить», – сказал подсудимый Ибраев.

На суде, который еще продолжается, присутствуют 13 обвиняемых. 14-й фигурант дела участвует в нем по видеосвязи, так как не может самостоятельно передвигаться. В Сирии он получил ранение и теперь частично парализован.

Судебный процесс проходит в колонии-поселении. Она расположена в черте Нур-Султана, в районе промзоны. По всей видимости, слушания решили проводить здесь в целях безопасности, чтобы не везти арестованных через весь город в здание столичного суда.

Почти каждый будний день сюда прибывает колонна машин: автозак, тонированные микроавтобусы и внедорожники со спецназавцами, которые доставляют сюда подсудимых из следственного изолятора.

Без того охраняемый режимный объект усилен еще большим количеством людей в масках и с оружием.

Каждый раз, когда к воротам колонии подъезжает колонна машин с подсудимыми, обитающая неподалеку стая собак начинает громко лаять. Будто не желая видеть здесь непрошенных гостей.

Журналисты наблюдают за процессом по монитору, сидя в отдельном помещении. В зал суда допускают лишь операторов и фотографов. В первые дни, когда процесс только начался, зал едва вмещал всех.

Подсудимые молча наблюдали за происходящим, сидя в специальной кабине. Кто-то отворачивался от камер, скрывая лица. На руке каждого обвиняемого заметен наручник, прикованный к специальному поручню.

Подметив это, я вслух спросила: «Зачем они в наручниках, если они и так изолированы?» Кто-то из сотрудников отвечает: «А вдруг они через отверстие в стекле схватят за горло кого-то из адвокатов...»

Судебный процесс продолжается.

У хорошего моего знакомого случилась беда – сын «подсел» на наркотики. Он кореец, выращивал лук и, конечно же, подолгу отсутствовал дома. Сын, подросток, был представлен самому себе, деньги в семье водились. Маму уже не слушался. Девочки, выпивка, компании и т.д. Думаю, многие сталкивались с этой бедой или знают такие семьи. Это трагедия. Боль, которую каждая семья носит в себе, иногда всю жизнь. Так вот, мой знакомый обратился к нам за помощью. Мы рассказали ему все наши методы лечения этой зависимости и какие вообще существуют. Он внимательно выслушал и ушёл.

ВРАЧ О НАРКОМАНИИ: ДАТЬ ШАНС, ПЕРСПЕКТИВУ МОЛОДЕЖИ

Позже мы узнали, что он приковал сына дома к батарее, сам кормил с ложки, пока у того не закончилась так называемая «ломка», после чего забрал его с собой на работу, в поле. Как работают корейцы на луке, многие, наверное, знают. Это адский труд. Под пальцем солнцем, согнувшись этой самой лукой – это пытка. Я раз попробовал и поклялся никогда не есть этот продукт. Это так, к слову.

Так вот. Сын буквально пахал и жил вместе с рабочими. Отец насильно заставлял его делать самую тяжелую работу. Через полгода они оба вернулись на зимовку, и уже от слова «наркотик» сына воротило наружу.

Он стал продолжателем дела отца, сейчас владеет стабильным бизнесом.

Однако таких «хэппи-энд» мало, конечно. По работе приходилось встречаться с тяжелейшими случаями. Сын зарезал мать, убил отца и т.д. Таких воспоминаний очень много. За каждым стоит человеческая трагедия и материнские слёзы.

Сразу скажу, что с этим злом встречается каждый нормальный человек в своей жизни. Прочно сидит в криминальной карте любого государства. Кто-то смог его победить? Нет, к сожалению.

Поэтому методы «вербовки» новых клиентов работают в этом бизнесе безотказно. В молодом возрасте хочется попробовать всё. Особенно запретное. Мало ли, что говорят взрослые. Раз это есть – значит, всё не так плохо, так же? «Нюхни», «Курни», «Да за один раз ничего не случится», «Ты чё, не пацан?» и т.д. Эти слова в компании пацанов являются более действенными, чем все наши лекции и ролики на тему: «Скажи нет наркотикам!». Ты должен быть в этой стае и жить её законами. Иначе потеряешь уважение.

И многие пробуют. У многих наступает тошнота, рвота. Некоторые с первого раза кайфуют. Потом ещё и всё. Ты – наркоман. Быстро и надолго. Курение анаши, то есть марихуаны, это обычное явление в молодёжной среде. Модно.

И чем круче государство закручивает гайки в этом вопросе, тем выше цены и моднее становится курение. Даже в Китае, где расстреливают. Там нет наркоманов? Есть, и даже очень много. Поэтому их отстреливают.



Этот бизнес за столетия приспособился к любому режиму, любым традициям и религиям. Можно закрыть наглухо границы, как СССР или Северная Корея, всё равно он проскользнет через них и будет существовать в обществе. Откуда при СССР, в далёком ауле, где я жил, были наркотики? Однако были же. Так что ясно одно – в борьбе между наркоманией и государством всё равно побеждает наркомания, в той или иной степени. Причин тут много, и вы о них прекрасно знаете. И винить полицию в бездействии бесполезно. По сути алкоголизм – это тоже разновидность наркомании. Мы не раз объявляли войну и проигрывали. А после нашего поражения она распространялась с особым размахом. Так и наркомания.

Многие страны решили бороться по-другому. Легализовали лёгкие виды наркотиков. Марихуану, например. Правильность этого решения оспаривать тяжело. Каждый сам выбирает свой путь.

Но в моих беседах с пациентами они часто смеялись над нашими потугами. Потому что каждый вид наркотиков – это отдельный кайф и каждый выбирает его сам. «Это как пить коньяк или пиво», – говорили мне они. – «Вы же не пьёте только пиво или водку. Иногда то, иногда это. И вообще глупо, что анаша – это первый шаг к тяжёлым наркотикам, тут каждый сам выбирает на свой вкус и цвет». И они открыто говорили нам, где берут и за сколько. А что милиция, не знала? Конечно, знала. Ловила, сажала. А они как грибы, возникают опять то там, то тут. Да и многие сами их «крышевали». Им же тоже надо жить.

И начинаешь понимать суть этого кайфа. Не надо искать тут какие-то мотивы, как трудности в семье, обществе, государстве и т.д. Это как мода. Хочешь – не

хочешь, а она есть. Вот зачем тот пацан так одет и гвоздь воткнул себе в нос? Попробуй, пойми. Или татуировка на все участки тела? Чёрт его знает.

Вспомните себя. Хиппи, клёши, колокола и т.д. Зачем? Нас гоняли, ругали тогда, и это при Советском Союзе! А что говорить о сегодняшнем времени?

Так и наркомания. Рок-н-ролл, секс и наркотики. Светский ужин, звёздный статус и наркотики. Война, кровь, смерть и наркотики и т.д. и т.п.

Раз это высокодоходный бизнес, значит, всегда есть и будут те, кто будет им заниматься. Как проституция или торговля оружием. Поймать человека именно в тот момент, когда он нуждается в чём-то ещё, чего не было – вот в этом как раз этот бизнес и преуспевает. Попробуйте угадать у кого что на уме именно сейчас, в эту минуту.

Мы все знаем тех, кто умер от наркотиков. Это знакомые, однокурсники, сокурсники, артисты, знаменитости. Их много, всех не перечислишь.

То есть, это зло касается всех без разбора. Его употребляют и нищие, и богатые. Разница только в способе употребления и виде наркотика. И тут выбор огромный. Тут наркобизнес изощряется, как только может. Хочешь таблетки – пожалуйста, сироп? – не вопрос, укол? – ради бога, порошок? – проще некуда. Только плати. Денег нет? Бери в долг, потом отдашь или отработашь.

И что дальше? – спрашиваете вы. Да, вопрос очень тяжёлый. И решение не простое, если оно вообще есть.

Но, главное – мы должны сначала понять, что это не проблема только здравоохранения или полиции. Это проблема всего нашего общества. Как бы мы того не желали, определённая часть нашего общества выберет себе

этот путь, потому что есть доступ. Потому что это есть вообще.

А можно ли это ликвидировать? Вряд ли. Зачем пацаны нюхают клей и прочую гадость? Даже ещё не зная про наркотики. Глодают таблетки, «крокодилы», а нынче вообще всевозможные смеси, зачем?

Потому что есть спрос и предложение. Или наоборот. Тут разницы нет. Раз есть бизнес, значит, всегда будут покупатели и продавцы.

Ряд стран сами осознанно подсаживают своих наркоманов из нелегального наркотика на легальный. Рекламирают, не хотели бы рекламировать. Не вроде неплохая идея. Все и всё под контролем. Хочешь? – приходи, регистрируйся и получи. И кайфуй. Пока не сорвешься на героин и не умрёшь от передозировки или СПИДа. Так они все и умирают.

Редко кто из наркоманов доживает до 30 лет. Это судьба, которую они выбрали. И не смогли выбраться.

Но надо признать, что в то (наше) время наркоман был скорей всего исключением из правил. Их было мало. Единицы. И если спросите, почему они выбрали этот путь, ответу сразу и не задумываясь – стало модно.

Почему-то на каком-то этапе нашего развития стала модной тюремная тематика.

Романтизация образа отсидевшего рецидивиста стала культивируемой в обществе, особенно среди молодых. Тюремный жаргон стал модным среди всех, даже среди студентов.

Это был конец 80-х, и начинались уже смутные времена, может, поэтому. Наркобизнес сразу почувствовал это и «надавил на газ». Вместе с жаргоном стало модно и обкуриваться, и, конечно же, колоться. Многие перешли туда и умерли молодыми.

Позже начал агрессивно насажаться среди молодёжи образ крутого рокера. А как же без наркотиков? Пожалуйста, вот они. И потом началось подлинное безобразие. Сейчас редко не встретишь фильма, где нет наркомана. И этот образ даже романтизируется, высвечивается с разных сторон. Кокаин, доза, бабло и многое другие термины стали ассоциироваться с образом того же Аль Пачино или даже Ди Каприо.

И все они удачливы, богаты. И как вести себя пацану или девчонке? Начнём пока думать, как с этим бороться, вырежем все эти кадры? Наркомафия придумает ещё что-нибудь.

Как-то мы делали анализ, и, наверное, ответ на эти вопросы кроется в этих цифрах. До окончания школы распространённость наркомании среди детей практически равна нулю. Первый всплеск замечается в возрасте 18-20 лет.

Да, это те, кто не поступил и остался за бортом нашего общества. Что им делать? Вот какая-то часть молодёжи захватывается наркобизнесом.

Второй всплеск наблюдается в возрасте 25-30 лет. Это те, кто закончил и опять-таки не нашёл работу и своё место в этой жизни. Дальше уже мало кто доживает.

А как же звёзды и мажоры? – спросите вы. Это совсем другая песня. Наркобизнесу нужно много денег. А к ним нужен другой подход. В среде, где процветает алкоголизм, разврат и деградация, наркотики становятся неотъемлемой частью. Кайф от лёгких денег и лёгкой жизни разбавляется кайфом от наркотиков, и получается фееричная смесь. Именно та, которую требует буйная душа «звезды». И потом всё. Талант умирает, получив смертельную дозу инъекции кайфа.

Если уж мы не сможем победить это зло, то нужно постараться его минимизировать. Дать шанс. Перспективу молодёжи в тех критических возрастах. Работа, учёба, семья, коллектив. Ощущение того, что ты кому-то нужен, полезен. Если мы это дадим, то «там» останутся лишь немногие.

А это уже победа. А эти немногие будут там ещё долго. Пока существует этот бизнес. Но зато мы будем их знать и лечить. А значит – у них появится надежда.

Эрик БАЙЖУНСОВ

Әрбір адамның өзіне тән ғұмыр жолы, тіршілік баяны бар, бірақ еткен еңбек пен төккен тердің арқасында алған асу, бағындырған биік, жеткен жетістік әркімнің өмірінде әрқилы. Оны сырт көз өздерінше бағалап та жатады. Сондағы жалпының іздейтіні біреу: ол – кісілік келбет, азаматтық тұлға, өнегелі өмір. Өзінің өнегелі өмір жолында сыйластық пен достықтың, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетудің айрықша үлгісін жасай білген азаматтардың бірі профессор Сейдахметов Алпысбай Сейдахметұлы десек артық айтқандық емес. Ол 1949 жылы қоңыр күздің тамаша күндерінің бірінде қарапайым шаруаның отбасында жарық дүние есігін ашты. 1967 жылы орта мектепті тәмамдаған соң Талдықорған (қазіргі Алматы) облысының Киров (қазіргі Көксу) ауданының В.И. Ленин атындағы колхозда колхозшы ретінде еңбек жолын бастады. Оның жалындаған жас жігері мен алға қойған айқын мақсатының арқасында Алматы халық шаруашылығы институтының студенті атанады.

ҰСТАЗ. ҒАЛЫМ. АЗАМАТ.

профессор Алпысбай Сейдахметов туралы сыр

1972 жылы аталмыш оқу орнын үздік бітірген соң, институт басшылығының шешімімен «Экономика және ауыл шаруашылығын жоспарлау» кафедрасына оқытушылық қызметке жіберілді. 1973-1974 жылдары әске қатарында болып, өзінің азаматтық борышын орындап келген соң білім мен ғылым жолын тандап, ғылыми ізденістерге ден қояды. 1979 жылы Мәскеудегі беделді аталдарының бірі М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің аспирантурасын сәтті аяқтайды. 1980 жылы Экономика және халық шаруашылығын ұйымдастыру, басқару және жоспарлау мамандығы бойынша «Суармалы жерлерде қызылша шаруашылығының өндірістік типтерін қалыптастыру мен дамыту» тақырыбында кандидаттық диссертациясын қорғап шығады. Осы сәттен бастап ғылыми-педагогикалық қызметке біржолата бет бұрып, еліміздегі экономикалық білім беру мен жоғары мектеп жүйесінің қалыптасуы мен дамуына белсене атсалысты. Өзі білім алған «Экономика және ауыл шаруашылығын жоспарлау» кафедрасында оқытушы, аға оқытушы, доцент лауазымдарында педагогикалық қызмет атқарып, жас ұрпақты тәрбиелеуге өзіндік үлес қосты. Оқытушылық қызметпен қатар қоғамдық жұмысқа да белсене араласып, университет басшылығы тарапынан оң пікірлерге ие болды. Сондықтан да болар университет басшылығы 1986 жылы оған оқытушы-профессорлар құрамы мен қызметкерлердің кәсіподақ комитетінің төрағасы қызметін қатар атқаруды сеніп тапсырады.

Алпысбай Сейдахметұлы университеттің кәсіподақ комитетін үздіксіз 16 жыл басқарып, қаншама игі істерді жүзеге асырып көпшіліктің алғысын алған азамат. Атап айтқанда, ұжымдағы ынтымақ пен бірлікті нығайтуға, жұмыскерлердің тұрғын үй-тұрмыстық жағдайын жақсартуға, ұжым мүшелерінің демалысын ұйымдастыру мен денсаулығын жақсарту бойынша жұмыстарға

көп күш-жігерін жұмсады. Сонымен қатар, жоғары білікті мамандар даярлауға ұжымды жұмылдыру мақсатында әр түрлі жарыстарды ұйымдастыруға ерекше көңіл бөлді. Оқу орнының басшылығының қолдауының арқасында 257 адам өзінің тұрғын үй жағдайын жақсартуға қол жеткізді. Балқаш көлінің жағасынан 5 гектар жер телімі бар демалыс аймағы пайдалануға берілсе, Қапшағай су қоймасы жағасындағы спорттық-сауықтыру лагерінің материалдық-техникалық базасы нығайтылды. Оқытушы-профессорлар құрамы мен қызметкерлерге бақша өсірумен айналысу үшін жер телімдерін беру бойынша кешенді іс-шаралар жоспары жасалып, іске асырылды. Соның нәтижесінде институттың 270 қызметкеріне саяжайға арналған жер телімдері берілді. Бұл аталғандардан басқа көптеген игі бастамалар қолға алынып, өз нәтижесін бергеніне білім ордасының ұжымы куә.

Өзіне жүктелген қоғамдық жұмыстарды мінсіз орындаумен қатар бірқатар басшылық лауазымдарды да абыроймен атқарғанын атап өту қажет. 1982-1985 жылдары Алматы халық шаруашылық институтының «Аграрлық-экономикалық факультетінің» деканының орынбасары, 2002-2005 жылдары «Менеджмент және маркетинг» оқу-ғылыми кешенінің деканы болды. Факультетте басшылық қызметте болған жылдары еліміздегі жоғары оқу орындары оқытудың Балондық жүйесіне өтіп, оқу үрдісін кредиттік технологияға көшіру кезімен тұспа-тұс келгендіктен маңызды міндеттерді орындауға тура келді. Ұзақ жылдар бойына жинаған тәжірибесі, білімі мен жоғары біліктілігінің арқасында жақсы нәтижелерге қол жеткізді. Ол факультет құрамындағы «Экономика», «Менеджмент», «Маркетинг», «Мемлекеттік және жергілікті басқару» мамандықтары бойынша оқытудың кредиттік технологиясына өту және оқу үрдісін жаңаша ұйымдастыру мен үздіксіз жетілдіру мақсатында оқытушы-профессорлар құрамын дұрыс бағытта



жұмылдыра білді. Әсіресе, нарықтық экономиканың даму тенденцияларын ескере отырып, заман талабына сай бәсекеге қабілетті мамандар даярлауға ерекше көңіл аударды.

Профессор Алпысбай Сейдахметовтың еңбексүйгіштігін, жоғары ұйымдастырушылық және басқарушылық қабілетін, маңызды міндеттердің тез шешімін таба білетіндігін, кез-келген лауазымды қызметті абыроймен атқарғандығын, ұжым мүшелерінің бірлігін қамтамасыз ете білетіндігін байқаған университет басшылығы 2005 жылы «Экономика» кафедрасының меңгерушілігі қызметін ұсынып, үлкен сенім артады. Өйткені, бұл кафедра осы оқу орнындағы ең ежелгі және іргелі кафедралардың бірі болды. Ол 2005-2014 жылдар аралығында кафедра меңгерушісі ретінде көптеген жұмыстар атқарды. Әсіресе, мамандар даярлаудың көпдеңгейлі жүйесін, үздіксіз білім беруді қалыптастыру мен дамыту, білім беру деңгейлерін әртараптандыру, «Экономика» білім беру бағдарламасы бойынша бакалавриат, магистратура және докторантураның (PhD) жаңартылған жалпыға міндетті білім беру стандарттарын дайындау бойынша жүйелі жұмыстар жүргізді. Еліміздегі өндіріс орындарымен, танымал компаниялармен, жұмыс берушілермен тығыз ынтымақтастық байланысты қалыптастыру мен дамытудың арқасында мамандар даярлау сапасы бойынша алдыңғы қатардан көрінді. Нарықтағы жұмыс күшіне сұраныс пен жұмыс берушілердің пікірлерін назарға ала отырып «Еңбекті ұйымдастыру және нормалау» деп аталатын жаңа мамандықты ашып, оқу үрдісін ұйымдастыру, оқу жоспарлары мен типтік оқу бағдарламаларын дайындады. Бұл мамандық бойынша мамандар дайындау алғаш рет біздің оқу орнымыздан бастау алды және қазіргі кезде сұраныс артып, студенттер контингенті жылдан жылға ұлғайып келеді.

Алпысбай Сейдахметұлы қоғамдық, педагогикалық қызметте ғана емес оқу-әдістемелік және ғылыми бағытта да үнемі ізденіс үстінде жүреді. Оның ғылыми шығармашылығы Қазақстанның аграрлық саласының, агроөнеркәсіп кешенінің қалыптасуы мен дамуы, елімізде кластерлерді қалыптастыру мен дамыту және өзге де өзекті мәселелер бойынша ғылыми зерттеулер жүргізумен байланысты. Ол алыс-жақын шетелдерде (Ресей Федерациясы, Өзбекстан, Қырғызстан мемлекеттерінде) өткізілген халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияларда өзінің зерттеу тақырыбы бойынша баяндама жасап, ғылыми ортадағы үлкен пікірталасқа белсене қатысты. Оның ғылыми-зерттеу нәтижелері халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның ғылыми еңбектері жинағында, еліміздегі беделді ғылыми журналдарда, Скопус мәліметтер базасына кіретін шетелдік журналда жарияланды. Қазіргі кезге дейін жүздеген ғылыми еңбектері, соның ішінде ондаған оқулықтар мен оқу құралдары студенттер, магистранттар, ізденушілер, аспиранттар, докторанттар және жалпы оқырман қауымы тарапынан үлкен сұраныспен қолданылып келеді. Мұның барлығы қоғам талабына сай жоғары білікті экономист – басқарушы мамандар даярлауға септігін тигізетіні белгілі.

Қоғамдық, ғылыми-зерттеу, педагогикалық қызметтегі ұзақ жылдық еңбегі ескеріліп «Қазақстан білімінің үздігі», «Білім және ғылым қызметкерлерінің кәсіподағына сіңірген еңбегі үшін» кеуде белгісімен, Ассоциациясының А. Байтұрсынов атындағы «Санлақ автор» төсбелгісімен, ҚазақССР жоғары және арнайы орта білім министрлігі мен Қазақстан Республикасы кәсіподақтар федерациясы Кеңесінің мақтау қағаздарымен марапатталды.

Алпысбай Сейдахметов ұстаз, ғалым, азамат қана емес артық әке, аяулы жар, сүйікті ата. Ұлағатты ұстаз, дарынды ғалым, ардақты азамат Алпысбай Сейдахметұлын жетпіс жастық мерейтойымен құттықтап, зор денсаулық, мол табыс тілейміз. Оның жұбайы Мансия апайымыз да ғылым кандидаты, ұлағатты ұстаз. Өзгелерге өнеге боларлық өмір үлгісін қалыптастыра білген бақытты отбасы ретінде жұптарыңыз жазылмастан жүз жасңыздар!

С.ӨМІРЗАҚОВ,
«Нархоз» университетінің профессоры,
экономика ғылымдарының докторы

А.СЕЙТКАЗИЕВА,
«Нархоз» университетінің профессоры,
экономика ғылымдарының докторы

Е.ӘМІРБЕКҰЛЫ,
«Тараз мемлекеттік педагогикалық университетінің ректоры, экономика ғылымдарының докторы, профессор

Р.ЕЛШІБАЕВ,
«Нархоз» университетінің профессоры,
экономика ғылымдарының кандидаты

■ ҒЫЛЫМ

ЕЛІМІЗДІҢ ҮЗДІК ЖАС ҒАЛЫМДАРЫ АНЫҚТАЛДЫ

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Қоры ұйымдастырған республикалық байқауда Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің жас ғалымдар Кеңесі үздік деп танылды.

Университеттің Баспасөз қызметінің жетекшісі Жандар Асаннұр айтқанына, дәстүрлі конкурста еліміздің ғылыми ұйымдары мен жоғары оқу орындарындағы жас ғалымдар Кеңестері қатысқан.

«Конкурстық комиссия жеңімпазды анықтау барысында ұйымның белсенділігі мен жұмыс нәтижелілігі, Кеңестің жүзеге асыратын шараларының ерекшелігі мен маңыздылығы сынды критерилерге сүйенген. Комиссия шешімі бойынша, Қыздар университетінің жас ғалымдар Кеңесі барлық талаптар бойынша жоғары нәтиже көрсетіп, «жүзден – жүйрік, мыңнан – тұлпар шықты», – деп атап өтті Жандар Асан.

Жеңімпаз ұйым арнайы дипломмен және өз қызметін қолдау мен дамытуға арналған

грантпен марапатталды. Марапаттау рәсімі 7 қараша күні Тараз қаласындағы М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетінде «Қазіргі Қазақстандағы инновациялық даму және ғылымның қажеттілігі» атты Халықаралық ғылыми конференция аясында өтті.

«Конкурс жас ғалымдар Кеңесінің қызметін дамытуға септігін тигізеді. Байқаудың мақсаты – жас ғалымдардың бастамаларын қолдау, сондай-ақ олардың ғылыми бастамалары мен жобаларын жүзеге асыруға көмек көрсету», – дейді



Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Қорының өкілдері.

Осы орайда айта кетейік, М.Әбдірайымова жетекшілік ететін университеттің жас ғалымдар Кеңесі студенттер

мен жас ізденушілердің іргелі және қолданбалы зерттеулеріне қолдау көрсетіп, оқу орнының ғылыми әлеуетінің артуына серпін беріп келеді.

	Иордания				Абдуллин	Жұрдай (син.)	Дипломатиялық қызметкер		Ішкіш		Атаман	
	ҚР қаласы	Сұйық дәрі		Көлік түрі	Үй құсы	Өзін арашлар (син.)						
	Бағалы тас						Хим. элемент		Енбе (син.)		Мексика астанасы	
				Көпшілік		Чили шөлі						
	Жан Ван Дамм					Тіл мен ...	Ұзын ішек					
	Хауа (орысша)	Бангладеш	Айтыс асабасы	Техник						Мұхтар ...	Ресей ұлты	
						Зер	Өнер үйі		... Рид			
Қымыз ыдысы		Сәкен ... (ақын)		Ауыздық					Жаңа жыл сәні			
				Түркия қаласы	Қыли	Қазақы өлшем			Физ. термин			
Жарыс бөлігі	Сұмдық (син.)							Италия астанасы	... безер	Қырғыз жыры	Серік ...-Шах	
Су жылыны	Қарсы				Рюмка	Екі сыммен жүретін көлік						
				Телеком		Мөз				Елші (орыс.)	ИС	
	Тек					Елші құжаты						
			Оңт. астана;			Шындық	Аурухана бөлмесі	Жұмағұлова				
	...-жаран		Шам түрі		Қанар			Құрылыс материалы			...-сіңілі	
			Марқа		Құс ауруы				Тырнақ бояуы			
Эстон композиторы		Цирк алаңы		... Капур				Шер	Футбол бұйымы		Ас "атасы"	
					Күс	Үй құсы			Наным			
Азагүл		...зала			Нар				Теңбіл			
...-сабыр					ТАСС				Кокс			

Дайындаған: Қажымұқан ҒАБДОЛЛА

ӘЗІЛ-ШЫНЫ АРАЛАС

Әжесі бес жасар немересіне айтады:
 – Құлыным, қарашы, «бип-бип» келе жатыр.
 – Әже, қойшы, қайдағыны айтпай. Бұл 220-шы кузов мерседес S-класс қой!

 – Әке. Осы президент пен халықтың, министр мен қауіпсіздік комитетінің айырмашылығы неде?
 – Мысалы, мен президентпін, шешең қаржы министрі, әжең қауіпсіздік комитеті, ал сендер халықсыңдар, – деп түсіндірді.
 Ертесіне жұмыстағы әкесіне телефон шалып:
 – Құрметті президент, қаржы министрінің бөлмесіне бөтен президент кіріп кетті. Қауіпсіздік комитеті шырт ұйқыда. Ал халық алаңдаулы, – деген екен.

 – Қарындас, мынадай сұлу фигураны қайдан алдыңыз?
 – Оны қайтесің? Сатып алдым!
 – Түріңізге ақша жетпей қалды ма?

 Көшеде бір кісі бір бейтаныс жігітке:
 – Жігітім, үйленгенсің бе? – десе, әлгі жігіт:
 – Жоқ, түрім өзі сондай! – деген екен.

 – Алло! Полиция ма? Мен арыз айтайын деп едім. Бірнеше күннен бері мені қорқытып жазылған хаттар келуде.
 – Мм... Кімнен екені белгісіз шығар?
 – Жоқ! Қол қойылған!
 – Кімнің қолы?
 – Салық комитетінің бастығы.

 Жігіт кішкентай баланың көзінен жеп отырғанына қарап отыр. Бала оншақты кәмпит жегеннен кейін, жігіт шыдамай:
 – Балам, көп кәмпит жеудің денсаулыққа зиян екенін білетін шығарсың?
 Кішкентай бала:
 – Ал, менің атам 105-ке дейін өмір сүріпті.
 – Ол да көп кәмпит жеген бе?
 – Жоқ, ол біреудің ісіне араласпайтын...

№44 санда шыққан сөзжұмбақтың жауабы

Ж	И	Д	Е	К	А	Р	А	Ф	А	Т	Е
	Е	Е	Х	Л	А	Ж	Ы	Н			
О	Т	Ы	З	И	А	П	А	Р	А	О	
И	Е	Б	А	Л	Қ	У	С	У	А	Т	
О	К	Р	Е	С	Л	О	А	Ы	В		
А	Й	Т	С	З	А	Л	А	Л	К	Е	С
Н	И	Ж	А	П	Ы	Р	А	Қ	А	Е	
Н	А	В	О	И	О	Қ	Ы	Р	М	А	Н
			Д	А	Р	Ы	Н	Ө	Р	І	
Е	Н	Е	Е	Л	Е	С	Қ	С	И	А	М
Н	Л	А	Й	Т	Т	Ы	Р	У	П		
Б	А	К	Л	И	Г	А	Р	А	Д	Е	М
Е	А	Қ	А	А	У	М	А	Қ	И	Ұ	
К	О	Т	А	Н	А	У	Ы	Л	Д	А	С
К	У	Р	С	И	В	Г	М	А	З	А	
Е	И	Ф	О	Р	У	М	Б	А	Р	У	
Р	О	М	Б	К	С	А	М	А	С		
С	Л	И	А	Н	А	И	Т	Қ	О	Ғ	А
А	Л	Л	О	Д	М	О	С	Т	Қ	Ұ	Т
О	К	В	О	Т	А	С	Ы	Л	А	Н	У

Сабынның қай түрі пайдалырақ?

Қазіргі кезде дүкен сөрелерінен сабынның түр-түрін кездестіруге болады. Түрлі құрамы, түсі, иісі бірінен бірі өтіп, көздің жауын алады. Сұйық сабын керек пе, қатты сабын дейсіз бе, аллергияға қарсы түрі керек пе – бәрі табылады. Сол көп сабынның ішінен өз терімізге сәйкесін жаңылмай таңдау үшін сабындар туралы ұғымға қанық болғанымыз артық етпес.

Глицерин сабын

Құрамында теріні жұмсартатын глицерин (денсаулыққа, техникаға қолдану үшін әртүрлі майдан жасалатын сұйық зат) болғандықтан, бұл сабын пайдалырақ секілді көрінеді. Дегенмен бұл алдамшы көрінісі ғана. Глицерин теріде ауа өткізбейтін қабат түзеді де, құрғатып жібереді.

Бактерияға қарсы сабын (антибактериальный)

Оның басты міндеті – теріге терең еніп, микробтармен күресу. Бірақ ол зиянды бактериялармен қоса теріге пайдалы бактерияларды да өлтіріп тастайды. Оның құрамындағы триклозан заты тек антисептикалық компоненттен құралмайды, сонымен қатар оның мутагендік әсері бар.

Классикалық сабын

Бұл сабын тері сыртындағы кірді жақсы кетіреді. Бір кемшілігі терінің гидролипидтік қорғаныс қабатын шайып кетеді. Классикалық сабынмен жуғаннан кейін тері тым құрғап кетіріліп, бактериялар жиналады.

Скраб-сабын

Мұндай сабын құрамында теңіз тұзы, кофе қалдығы, өрік дәні секілді теріге бататын заттар көп. Скраб-сабынмен терінің тереңіне енетіндей пилинг жасауға болады. Бет терісіне тек бетке ғана арнап шығарылған скрабты қолданған дұрыс. Сабын скрабын қолданғаннан кейін тері тым құрғап қалмауы үшін, оны ылғалдандыру керек.

Балалар сабыны

Бұл басқаларына қарағанда аллергия туғызбайтын сабын. Құрамында теріні тітіркендіретін

ешқандай бояу, хош иістендіргіш, қосынды түрі жоқ. Бірақ басты қосындысы сілті болғандықтан, көзді ащытып, теріні құрғатып жібереді.

Сұйық сабын

Қазір басқаларына қарағанда сұйық сабын мен душқа арналған гель көп қолданылады. Сұйық сабын өзі арнайы құтыда тұратын болғандықтан оған бактерия жиналу қаупі аз. Душ гелі мен сұйық сабын сулы құрамда жасалғандықтан теріні құрғатпайды, керісінше, барқыт теріні нәзік етеді. Ол теріні тазартып эфир майы, басқа да пайдалы өсімдік сығындысынан құралады. Мұндай сабындардың бір кемшілігі, құрамына химиялық бояу, хош иістендіргіш, лаурил натрий сульфаты көптеп қосылады. Теріге нақты қандай сабын пайдалы екенін дөп басып айту қиын, сол себепті әр сабынды аларда құрамына назар аударып, зиянды химиялық қоспалар аз түрін таңдаңыз. Ал дененіңді душ гелімен жуыңыз, оны да теріні құрғатып жібермеуі үшін күн сайын пайдалана беруге болмайды.

Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық өнер академиясы, Театр өнері факультеті 2 курс студенті Дария Болсанбек жуырда АҚШ-та өткен «Pearl of the New York – Нью-Йорк маржаны 2019» Халықаралық фестивалінің Гран-при жүлдесін иеленді. Осы қуанышты оқиғаға орай Дариямен кездесіп, сұхбаттасқан едік.

Дария БОЛСАНБЕК:

ӨНЕР

адамның тұлға ретінде қалыптасуына көмектеседі

– Дария, өнерге неше жасыңда келдің? Алғаш ән байқауына қашан шықтың?

– Жеті жасымнан домбыра үйірмесіне қатыстым. Бәлкім менің әнге қабілетімді байқады ма екен, сол кезде домбырашы Шолпан ұстазым «Неге саған өн айтып көрмеске?!» деп алғаш рет өн айтуға қолқа салды. Содан алғаш рет сахнаға шығып, байқауға қатыса бастадым. 2011 жылы тоғыз жасымда алғаш рет шетелдік конкурса, яғни, Италияда өткен San-Remo junior фестиваліне қатысып екінші орын алдым. Келесі жылы Латвияда өткен Riga Symphony фестивалінде бірінші орынды иелендім. Дәл сол жылы Литвадағы байқауда да топ жардым. Ал 2017 жылы Грузиядағы Fazisi байқауда маған бас жүлде бұйырды. Ал елімізде «Ғұмырдария», «Ақ көгершін», «Золотой микрофон», «Жырлайды жүрек», «Айгөлек» т.б. байқауларға қатысып, жүлделі орындарды иелендім.

– Жастайыңнан әлемдік деңгейдегі ән конкурстарында жүлдегер атанып жүріп, неліктен Жүргенов атындағы өнер академиясының эстрадалық өнер факультетін емес, театр өнері факультетін таңдадың?

– Театр өнері факультетіне түссем де музыкадан алыстап кеткенім жоқ. Мен артисті мамандығын таңдадым. Кәсіби тілмен айтқанда заманауи мюзикл бағытына маманданамыз. Яғни, бұл жерде әншілігіңді ғана емес, артистік шеберлігіңді шыңдап шығасың.

– Отбасың жөнінде айта отырсаң. Ата-ананың өнерге қатысы бар ма?

– Ата-анам Абай туған өлкеден. Өзім Алматыда дүниеге келдім. Отбасында төрт ағайындымын. Мен үлкенімін. Әкемнің үлкен апайлары өнші болған екен. Ал ата-анамның өнерге еш қатысы жоқ. Әкем құрылыс компаниясының басшысы, анам – заңгер.

– Биыл жазда Литвада өткен «Паланга – 2019» XV Халықаралық әншілер байқауында, одан соң қазан айында Испанияның Марбелья қаласында әлемнің 80 елінен үміткер өзара бақ сынаған TU ONDA III шығармашы жастар фестивалінде бірінші орынды иелендің. Бұл байқаулар саған үлкен тәжірибе берді деп ойлаймыз. Соңғы байқауда «Rise Like a Phoenix» хит әнін орындағаныңды білеміз, жалпы әнді қалай таңдайсың?

– Әнді дода шартына орай таңдаймыз. Байқауға апаратын әнді таңдағанда білікті ұстаздарым мен ата-анамның көмегіне сүйенемін. Олар үнемі мені қолдап, ақыл-кеңестерімен бөлісіп отырады.

– Дария, Нью-Йорктегі фестивальдің талаптары қандай болды?

– Негізінде бұл халықаралық фестивалдің аясында ән конкурсы өткізіліп, онда қатысушылар қазылар алқасы мен көрермендер алдында екі әннен орындады. Мен бұл байқауға жолдаманы, сондай-ақ келесі жылы «Витебскі – 2020» байқауына қатысуға берілетін жолдама сарапқа түсетін Беларусь Республикасындағы байқау жолдамасын да Испаниядағы конкурста жеңіп алған болатынымын. Бірінші Аллаға, одан

соң осындай мүмкіндіктерге жол ашып жүрген Қарлығаш Әбдікәрімова апайыма алғысым шексіз. Нью-Йорктегі байқауға он екі елден келген үміткер қатысып, оларға 12 жюри мүшесі қазылық етті. Әуелі орындаған әні мен сөзі М.Сәбиева, Н.Оразбеков, С.Мұсағалиевтің «Қай заман?» әнін орындадым. Әнді орындап болғаннан кейін көрермендер, жюри мүшелері жанымға келіп, әннің керемет орындалғаны сонша, тіпті денелерінің тітіркенгенін айтып, мені құттықтады. Келесі күні Испанияда «Rise Like a Phoenix» атты әнді орындадым. Оларға қазақ әнінің жанды тебіреніп-толқытатын тұстары, ерекше иірімдері әсер еткен көрінеді. Жалпы байқау жоғары дәрежеде ұйымдастырылған. Бұл байқауға қатысқан үлкен топтағы әншілер арасында сайыс тартысты өтті. Бұл жолы әншілік шеберлігі жағынан бір-бірінен қалыспайтын кілең «сен түр, мен атайындар» жиылған екен. Әрине, тартысты өткен кез-келген дода шеберлігімізді одан әрі шыңдауға жол ашары анық. Мұның өзі біз үшін зор мүмкіндік деп білемін.

– Жалпы сенің әншілік дауысыңды мамандар қай түрге жатқызады?

– Кішкентай кезден дауысымды ұлдардың даусымен шатастырып жатамын. Негізінен менің дауысым нық алытқа жатады.

– Сеніңше өнер деген не?

– Өнер – өмір өрнегі. Адамның өмірде тұлға ретінде қалыптасуына бірден-бір ықпалын тигізетін күш болса, мен соны өнер деп санаймын. Халықтың көзайымына айналып жүрген аға-апаларым сияқты мен де дара өнер иесі болғым келеді.

– Ән орындау бағытың, әнді орындаудағы ұстанымың қандай? Өнердегі ұстазың кім?

– Жалпы эстрадалық бағыттағы әуезді әндерді орындаймын. Артық дүниесі жоқ әндерді айтуды ұнатамын. Өнердегі ұстаздарым Академияда дәріс беріп жүрген Айчүрек Сүлейменова, Гүлзат Дәуірбаева. Халықаралық жарыстарға да осы кісілер баптайды. Осындай оқытушыларымның арқасында мен толыққанды білім алып, кәсіби шеберлігімді шыңдап жүрмін.

– Әңгімеңе көп рахмет! Сенің қазақ өнеріне, сондай-ақ эстрадамызға жана леп әкеліп, Димаштай бірегейлігімен ұлтымызды әлемге танытатын өнерпаз болуыңа шын жүректен тілектеспіз. Өнерің өрлей берсін!

Әңгімелескен,
Гүлмира АСЫЛБЕКҚЫЗЫ

qazaquni.kz

Меншік иесі:
«Қазақ үні» ЖШС
ҚАЗАҚ ҮНІ
Президент –
Редакторлар кеңесінің төрағасы –
Қазыбек ИСА

Бас редактор – Құлтөлеу МҰҚАШ

Бас редактордың бірінші орынбасары –

Зейнолла АБАЖАН

Бас редактордың орынбасары –

Азамат ТАСҚАРАҰЛЫ

Жауапты хатшы – Гүлмира САДЫҚ

Бөлім редакторлары:

Дастан ЕЛДЕС (орыс редакциясы)

Айнұр АХМЕТ (мәдениет)

Нұржан АСАН (көркемдеуші)

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:

Астана тілшілер қосыны:

Азамат ТАСҚАРАҰЛЫ

(8-702-931-89-86)

Жасұлан ИСА

(8-776-120-19-72)

Ақмола облысы:

Бақыт СМАҒҰЛ (8-701-626-77-66)

Арқалық қаласы:

Нұрсұлтан НҰРМАН

(8-702-688-84-87)

Алматы облысы:

Айтақын БҰЛҒАҚ (8-702-239-62-99)

Мәди ИСЛАМ (8-775-119-12-13)

Мырзағали НҰРСЕЙІТ (8-701-771-6496)

Қанат БИРЖАНСАЛ (8-775-323-0850)

Батыс Қазақстан облысы:

Қажымұқан ҒАБДОЛЛА

(8-701-111-61-05)

Жезқазған қаласы:

Жанат АСАНҚАЛИ

(8-702-384-12-00, 8-707-261-20-98)

Сәтбаев қаласы:

Абдолла ДАСТАН

(8-71063) 7-20-97, 8-777-302-46-79)

Қарағанды облысы:

Ахметқали ХАЛЕНОВ (8-701-450-30-18)

Қостанай облысы:

Төлен РАМАЗАНҰЛЫ (8-701-174-06-70)

Семей қаласы:

Рахат АЛТАЙ

(8-775-998-15-39)

Маңғыстау облысы:

Сағындық РЗАХМЕТ (8-775-379-84-88)

Түркістан облысы:

Әбдіғалпар АЙДАР

(8-702-475-75-66, 8-771-390-73-75)

Асылхан ӘЛІ (8-701-626-88-32)

Түркістан қаласы:

Әтіргүл ТӘШІМ (8-702-489-47-23)

Атқарушы директор –

Қаныш ЖАРЫЛҚАСЫН

Тарату бөлімі:

Астанада:

Жасұлан ИСА

(8-776-120-19-72)

Шымкентте:

Мүтән ИСМАЙЫЛ (8-701-692-1340),

Астанада «Алты Алаш» (87015728847)

дүңгіршіктерінде сатылады

Газет ҚР Мәдениет және ақпарат

министрлігінде 19. 12. 2012 жылы тіркелген.

Күллік №13976-Г (Алғашқы күллік

№1270-Г, 01. 08. 2000 жыл).

Автордың пікірі мен редакция көзқа-

расы сәйкес келе бермейтінін ескертеміз.

Қолжазбалар өңделеді және қайта-

рылмайды.

Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап

береді.

Газеттен көшіріліп басылса, сілтеме жа-

салуды шарт.

Газет «Қазақ үні» материалдары

пайдаланылды.

Газет «Қазақ үні» компьютер

орталығында беттелді

АЙЛЫҚ ТАРАЛЫМЫ – 60 400

ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ – 65380

Редакцияның мекен-жайы:

050006, Алматы қаласы, Қалқаман-3

ықшамауданы, С. Сейітов көшесі, 11 үй

Байланыс телефоны:

8 (727) 398-57-31

E-mail: qazaquni2000@gmail.com

www.qazaquni.kz

Кезекші редактор –

Зейнолла АБАЖАН

ТОО «Қазақ үні»

БИН 000540006784

ИИК KZ508560000000385541

АГФ АО «БанкЦентрКредит»

г. Алматы, БИК КСВКЗКХ, Кбе 17

Газет «Алматы-Болашақ» баспаханасында

басылды. Алматы қ., С. Мұқанов к., 223 б.

Көлемі: 6 баспа табақ

Ⓐ – материалдың жариялану ақысы төленген



ҚАЗАҚТЫҢ МҰҢЫ МЕН ШЫНДЫҚТЫҢ ЖЫРЫ – «ҚАЗАҚ ҮНІ» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗДАР!

ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ – 65380

«Қазпошта» арқылы жазылу бағасы:

1 ай	қала	379,24	3 ай	қала	1137,72	6 ай	қала	2275,44	12 ай	қала	4550,88
1 ай	ауыл/аудан	397,86	3 ай	ауыл/аудан	1193,58	6 ай	ауыл/аудан	2387,16	12 ай	ауыл/аудан	4774,32